Әділет

# Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасын бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 23 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 11 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2843. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 10 шілдедегі № 71 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 10.07.2014 № 71 бұйрығымен (бірінші ресми түрде жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Заңының қабылдануына байланысты, әрі арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдалануды жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының "Прокуратура туралы" Заңының 11 бабының 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, бұйырамын:

1. Қоса берілген арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасы бекітілсін.

2. Арнайы есепке алу субъектілері, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары осы бұйрықтың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары - Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің төрағасы Г.В.Кимге жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры*

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының "Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасын бекіту туралы" 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 23 бұйрығымен бекітілді

**Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасы**

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "шетелдіктер" сөзі "шетел азаматтары" сөздерімен ауыстырылды - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

## 1-бөлім

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада төмендегідей негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тегі бойынша есепке алу – қылмыс жасаған, қылмыстық жауапкершілікке тартылған, сотталған; оларға қатысты іздеу жарияланған қылмыстық қудалау органдарынан, соттан жасырынған немесе жазасын өтеуден жалтарған; медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылатын ( арнайыландырылған типтегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеу емі және арнайыландырылған типтегі психиатриялық стационарда қарқынды бақылау жасау арқылы мәжбүрлеу емі тағайындалған) олардың сауалнама деректері бойынша, яғни мерзімі (күні, айы, жылы) тегі, аты және әкесінің аты және туған жері көрсетілген қоғамдық қауіпті әрекет жасаған тұлғаларды тіркеу арқылы жүзеге асырылатын есепке алу;

2) дактилоскопиялық есепке алу - адамның жеке басын анықтау және растау үшін дактилоскопиялық ақпаратты тіркеу, сақтау, топтастыру және беру арқылы жүргізілетін ұсталған, қамауға алынған және сотталған тұлғаларды қолдарының саусақтарының өрнектерінің құрылысының ерекшеліктері бойынша есепке алу;

3) іздеуді есепке алу, сонымен қатар Қазақстан Республикасы жерінен тыс жүрген айыпталушыларды есепке алу – анықтаудан, тергеуден, соттан және жазасын өтеуден жалтарғандарды, хабар-ошарсыз кеткендерді, жеке басы анықталмаған мәйіттерді, денсаулық жағдайына немесе жас ерекшелігіне байланысты өзі туралы мәліметті хабарлай алмайтын белгісіз аурулар және балаларды есепке алу, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚІЖК) 50-бабы 1-бөлімі 5-тармағына сәйкес қылмыстық істерге қатысты тұлғаларға байланысты Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе (бұдан әрі– ББСЖ) автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – ААЖ) мәліметтерін тіркеу арқылы жүзеге асырылатын есепке алу.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2010.01.20 N 3, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

Есепке алу тегі бойынша, дактилоскопиялық, іздеу картотекаларын «Арнайы есепке алу» (бұдан әрі – АЕА) ААЖ енгізу арқылы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің (бұдан әрі – Комитет) автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйесін енгізу (бұдан әрі – АДАЖ) арқылы жүзеге асырылады.

Орталықтандырылған, тектілік, дактилоскопиялық, іздеу салу есептерін Комитет жүргізеді.

Комитеттің облыстық, Астана, Алматы қалалық басқармалары (ары қарай - аумақтық органдар) тегі бойынша, дактилоскопиялық, іздеуді жергілікті есепке алуды жүргізуді жүзеге асырады.

Комитеттің әскери басқармасы мен аймақтық көліктік басқармалары (ары қарай - әскери және көліктік аумақтық органдар) іздеуді жергілікті есепке алуды жүргізуді жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2010.01.20 N 3, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

3. Есепке алудың субъектілері заңнамада көзделген тәртіп бойынша тергеу мен анықтауды, жедел-іздестіру қызметін, жазаны атқаруды, миграция қызметін жүзеге асыратын барлық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының халықты құжаттау және тіркеу органдары және Қазақстан Республикасының соттары болып табылады.

Осы Қағиданың орындалуын бақылауды Комитет және оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

## 2-тарау. Есепке алуға жататын тұлғалар санаты

4. Комитетте тегі бойынша есепке алуға жататын тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасының аумағында сотталғандар;

2) Тәуелсіз мемлекеттер достастығының (ары қарай - ТМД) басқа елдерінде бас бостандығынан айрылуға сотталып, жазасын Қазақстан Республикасының аумағында өтеуші Қазақстан Республикасының азаматтары;

3) алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен;

4) алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми

жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен;

5) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған (арнайыландырылған типтегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеу емі және арнайыландырылған типтегі психиатриялық стационарда қарқынды бақылау жасау арқылы мәжбүрлеу емі тағайындалған) қоғамдық-қауіпті әрекеттер жасаған ессіз күйдегі адамдар.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

5. Аумақтық органдарда тегі бойынша есепке алуға жататындар:

1) қолданылған бұлтартпау шараларына байланыссыз, облыс аумағында сотталғандар немесе айыпталушы ретінде жауапқа тартылған тұлғалар;

2) тергеу, анықтау органдарынан, соттан, жазасын өтеуден жасырынуына байланысты облыс аумағында іздеу жарияланған тұлғалар;

3) алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен;

4) облыс аумағында қоғамдық-қауіпті әрекеттер жасаған; медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған (арнайыландырылған типтегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеу емі және арнайыландырылған типтегі психиатриялық стационарда қарқынды бақылау жасау арқылы мәжбүрлеу емі және жалпы типтегі психиатрлық ауруханада мәжбүрлеп емдеу тағайындалған) ессіз күйдегі адамдар;

5) басқа облыстарда (мемлекеттерде) сотталып, жазасын осы облыста өтеуші тұлғалар.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

6. Қазақстан аумағында сотталған немесе айыпталушы ретінде қылмыстық жауапқа тартылған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар жалпы тәртіп бойынша есепке алынады.

7. Комитетте дактилоскопиялық есепке алуға жататындар:

1) Қазақстан Республикасы аумағында сотталғандар (қамауға алынғандардың ішінен);

2) бас бостандығынан айыру орындарында жүріп қылмыс жасаған сотталғандар;

3) іздеу жарияланған тұлғалар (егер олардың дактилоскопиялық карталары болса және бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылса);

4) алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

8. Аумақтық органдарда дактилоскопиялық есепке алынатындар:
1) облыс аумағында сотталғандар (қамауға алынғандардың ішінен);
2) бас бостандығынан айыру орындарында жүріп қылмыс жасаған сотталғандар;
3) тергеу (анықтау) органдары бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алған айыпталушылар;
4) іздеу жарияланған тұлғалар (егер олардың дактилоскопиялық карталары болса және бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылса);
5) ұсталынған тұлғалар (тек белгілі бір тұрағы немесе жеке басын анықтаушы құжаттары жоқтар ғана).

## 3-тарау. Есептік құжаттардың түрлері және оларды рәсімдеу

9. Осы Қағиданың 3-тармағында көрсетілген органдар есептік құжаттардың екі түрін - негізгі және түзетуші түрлерін ұсынады. Есептік құжаттардың негізгі түрлері:
1) әліпбилік есептік кәртішкесі (N1-қосымша);
2) алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен;
3) іздестіру кәртішкесі (N3-қосымша);
4) дактилоскопиялық карта (N4-қосымша);
5) тұрақты мекені немесе құжаттары жоқ тұлғалардың дактилоскопиялық картасы (N4а-қосымша).
Түзетуші есептік құжаттар:
1) сотталған (қамауға алынған) туралы хабарлама (N 5-қосымша);
2) сауалнамалық деректеріне өзгерістер енгізу туралы хабарлау (N6-қосымша);
3) істің сотта қаралғандығының нәтижесі туралы анықтама (N7-қосымша);
4) жеке айып істері бойынша заңды күшіне енген үкімнің (қаулының) көшірмесі;
5) соттылықтың алынғаны туралы қаулының көшірмесі;
6) сотталған тұлғаның сауалнамалық деректерінің өзгергені туралы сот қаулысының көшірмесі.
Әліпбилік және іздестіру кәртішкелері перфокәртішкелік немесе пошта кәртішкесінің қағазынан Қосымшаларда көзделген қатаң түрге сәйкес 1, 2 және 3 мөлшерінде, дактилоскопиялық карталар (NN4, 4а-қосымшалары) және түзетуші құжаттар - жазу қағазынан дайындалады.
Сотталғандар (қамауға алынғандар) туралы әліпбилік есептік кәртішкелері,

дактилоскопиялық карталары осы Қағиданың N15-қосымшасына сәйкес рәсімделінеді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

10. Орталықтандырылған есепке алу мәліметтері арнайы тізбеге сәйкес ( Ережеге қоса берілген № 9-қосымша), Комитеттің ілеспе хатымен (Ережеге қоса берілген № 13-қосымша) Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігі Бас ақпараттық-талдау орталығының (бұдан әрі – РФ ІІМ БАТО) негізінде қызмет ететін ТМД мемлекеттерінің Мемлекетаралық ақпарат банкіне (бұдан әрі – МАБ) жіберіледі. Осыған байланысты есептік құжаттар орыс тілінде, жазу машинкасымен немесе дербес электронды есептеу машинасында толтырылады. Техникалық мүмкіндіктер болмаған жағдайда қолмен анық жазылып, көк немесе қара бояулармен толтырылуына рұқсат етіледі. Мұндай жағдайларда түзетулер мен тазартуларға жол берілмейді.

Есептік құжаттарда тегі, аты, әкесінің аты баспа әріптерімен жазылады. Туған жері және туған күні, субъектінің қылмыстық жауапкершілікке тартылғанға дейінгі тұрған жері, сондай-ақ қылмыстық қудалау органының аталуы ешқандай қысқартусыз көрсетіледі.

Сотталғаны туралы деректер сот үкіміне сәйкес толтырылады, әрі заңды күшіне енген күнін міндетті түрде көрсету керек. Рақымшылық жасалғандарға қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің жарияланған Жарлығы туралы жазылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19 N 52, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

## 2-бөлім. Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алуды жүргізу 4-тарау. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын органдардың (тұлғалардың) есептік құжаттарды тапсыру тәртібі мен мерзімі

11. Әскери прокурордың қадағаланауындағы органдардан басқа, қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын органның тергеушісі ( анықтаушысы) тұтқындау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылмаған тұлғаларды айыпталушы ретінде жауапқа тарту (айыптау хаттамасы, сотқа дейінгі оңайлатылған іс жүргізу) туралы қаулы шығарылғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде әліпбилік есепке алу карточкасының 1 данасын құрастырады, сонымен қатар айыпталушыға қатысты қылмыстық істі тоқтату кезінде қылмыстық істі тоқтатушы және қылмыстық қудалау органы, тоқтатылған

уақыты, тоқтату негіздері туралы мәліметтер көрсетілген істерді әліпбилік есепке алу карточкасының 1 данасын құрастырады, және оларды аумақтық органның аудандық (қалалық) топтарына немесе тікелей аумақтық органға тапсырады.

Аумақтық органның аудандык (қалалық) тобының қызметкері әліпбилік есеп кәртішкесін 5 жұмыс күні ішінде аумақтық органға тапсырады.

Ескерту: қылмыстық істері қылмыстық қудалау органдарының орталық бөлімшелерінде жатқан айыпкерлерге қатысты алфавиттік есепке алу карточкалары Комитеттің тиісті аумақтық басқармасында қылмыстың жасалған жерінде жүргізіледі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2010.01.20 N 3 , 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

12. Әскери-тергеу органдарының тергеушісі (анықтаушысы) қамауға алу түріндегі бұлтартпау шаралары тағайындалған тұлғаларға қатысты, тұлғаны айыпталушы ретінде жауапқа тарту (айыптау хаттамасы, сотқа дейінгі оңайлатылған іс жүргізу) туралы қаулы шығарылғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде әліпбилік есепке алу карточкасының 2 данасын құрастырады және 1 данасын аумақтық органға ұсынады, екінші дананы аумақтық әскери органға береді.

Сотқа дейінгі іс жүргізу кезеңінде қылмыстық іс (немесе тұлғаға қатысты қылмыстық қудалау) тоқтатылған жағдайда (таңдалған бұлтартпау шараларына қарамастан), әскери-тергеу органының тергеушісі (анықтаушысы) толық мәліметтер (қылмыстық істі немесе қылмыстық қудалауды тоқтатқан орган, тоқтатылған күні, тоқтату негіздері) көрсетілген әліпбилік есепке алу карточкасының тағы 1 данасын құрастырады және оны әскери аумақтық органға ұсынады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

## 5-тарау. Тергеу абақтысы мен түзету мекемелерінің есептік құжаттарды рәсімдеу тәртібі мен тапсыру мерзімдері

13. Тергеу абақтысының әкімшілігі, тергеушінің (анықтаушының) немесе соттың шешімімен бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алынған тұлғаны қабылдаған кезінен соң, 5 күн ішінде әліпбилік есептік кәртішкенің және дактилоскопиялық картаның 3 данасын толтырады және аумақтық органға жолданады.

Әліпбилік есепке алу карточкасын құруда «қамауға алынған» деректемесінде

тұлғаның тергеу изоляторына жатқызылған күні, ал «ұсталған» деректемесінде ұстау хаттамасының құрылған күні көрсетіледі.

Қамауға алынғанның (сотталғанның) сауалнамалық деректері әліпбилік есептік карточкасына және дактилоскопиялық картаға жеке басын куәландыратын құжаттан алып енгізіледі, оның көшірмесін алдын-ала тергеуді жүзеге асыратын орган (тұлға) ұсынады. Жеткіліксіз мәліметтер тергеу изоляторына орналастыру үшін негіз болған құжаттан алып енгізілуі мүмкін.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19 N 52, 2007.08.17 N 33, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

14. Қамауға алынғанның (сотталғанның) құжаттарындағы мәліметтер әр түрлі болса, онда тергеу абақтысының әкімшілігі шынайы деректерді анықтау үшін тергеу (анықтау) жүргізген орган немесе сот алдында бастама көтереді.

Көрсетілген органдар берген мәліметтер негізінде, жаңа есептік құжаттар жасалынып, олар ілеспе хатпен бұрынғы сауалнамалық мәліметтері, сондай-ақ олардың өзгертілу негіздері көрсетіліп аумақтық органға жолданады.

15. Тергеу изоляторының әкімдігі сот үкімінің заңды күшіне енуі туралы анықтаманы алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде аумақтық органдарға заңды күшіне енген сот үкімінің (қаулысының) көшірмесін және осы үкімнің расығы көрінетін сотталушы туралы хабарламаны ұсынады.

Ату жазасына сотталған тұлғалар жөнінде тергеу абақтысының әкімшілігі, бірінші сатыдағы сот шығарған үкімін алған соң, 5 жұмыс күні ішінде аумақтық органға сотталған туралы хабарлама жолдайды.

Қамауға алынғандардың тергеу абақтысынан уақытша кеткендігі жөнінде хабарлама жасалынбайды.

Сотталғандардың (қамауға алынғандардың) есептік-тіркеу құжаттарының толықтығы мен мезгілінде жіберілуін бақылауды қамтамасыз ету мақсатында, жеке ісінің мұқабасының ішкі жағының сол жақ бұрышында орындаушы туралы, жіберілген есептік құжаттарының мерзімдері мен саны, сондай-ақ жіберуші туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19 N 52, 2010.01.20 N 3, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

16. Бұлтартпау шарасы қамауға алудан басқаға өзгертілуіне немесе істің қысқартылуына, өліміне, басқа да негіздерге байланысты бұзылса, тергеу абақтысының әкімшілігі 5 жұмыс күні ішінде сотталған (қамауға алынған) туралы хабарламаны аумақтық органға жібереді.

Тұлға сотталғаннан кейін тергеу абақтысының әкімшілігінің қарауына қалдырылса, 5 жұмыс күні ішінде сотталған туралы хабарлама аумақтық органға жіберіледі.

17. Тұлғаға, қамауға алу туралы бұлтартпау шарасы басқа облыстың ( мемлекеттің) тергеу (анықтау) органының немесе сотының тапсыруы бойынша қолданылса, тергеу абақтысының әкімшілігі аумақтық органға әліпбилік есептік карточкасы мен дактилоскопиялық картаның 1 данасына кеткен мерзімі және қай органның қарамағына жіберілгенін қосымша көрсетіп жібереді.

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2007.08.17. N 33 Бұйрығымен.

18. Басқа облыстар аумағындағы түзеу мекемесінен (тергеу абақтысынан) келген тұлғалар туралы түзеу мекемесінің (тергеу абақтысының) әкімшілігі сотталғандар (қамауға алынғандар) туралы хабарламаны сол облыстағы аумақтық органға 5 жұмыс күні ішінде жолдайды, ол кейіннен Комитетке жіберілуі тиіс.

Басқа облыстар, ТМД мемлекеттер соттарымен сотталған, сол облыстың түзеу мекемесіне жазасын өтеуге жіберілген тұлғаларға әліпбилік есепке алу кәртішкесінің 1 данасы және сотталған туралы хабарламаның 2 данасы құрылады .

Бұл жағдайда аумақтық органға әліпбилік есептік кәртішке мен сотталған туралы хабарлама жіберіледі. Аумақтық орган әліпбилік есептік кәртішкені картотекаға орналастырады, ал сотталған туралы хабарламаны Комитетке жолдайды. Сотталған туралы хабарламаның екінші данасы сотталған жеріндегі аумақтық органға жіберіледі.

Транзиттік-жөнелтілуші сотталғандардың сотталғаны туралы хабарлама олардың жазаны өтеу орындарына келгеннен кейін жіберіледі.

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

19. Түзеу мекемесіне келіп түскен тұлғаның жеке ісінде оның есептік құжаттарының құқықтық статистика органдарына жіберілгені туралы белгі жоқ болса, онда сотталған келіп түскен мекеме әкімшілігі, осы Қағиданың 13-тармағында көрсетілген тәртіпте, әліпбилік есептік кәртішкені және дактилоскопиялық карталарды толтырады.

Осы есептік құжаттарды аумақтық органға жіберер кезде, сотталғанның жеке ісінде алғашқы тіркеу туралы мәліметтердің жоқтығынан олардың жасалғандығы , әрі аталмыш тұлға қамауда болған тергеу абақтысы көрсетіледі.

20. Сотталғанға, жазасын түзеу мекемесінде өтеушіге қатысты үкімнің өзгертілуі жағдайында түзеу мекемесінің (тергеу абақтысының) әкімшісі оның орындалуы туралы тиісті сотты ескертеді және 5 жұмыс күні ішінде енгізілген

өзгерістер туралы мәліметтерді белгілеумен сотталған туралы хабарламаны аумақтық органға жолдайды. Басқа аймақта сотталған тұлғаға қатысты сотталу орны бойынша аумақтық органдарға сол мерзімде тиісті мәліметтермен сотталған туралы хабарлама ұсынылады.

Ескерту: 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

21. Түзеу мекемесінде жазасын өтеу кезеңінде қайта сотталған тұлғалардың есептік құжаттарын тергеу абақтысының әкімшілігі осы Қағиданың 13-тармағына сәйкес жасайды, ал тұлға тергеу абақтысында қамалмаса, онда - түзеу мекемесі жасайды.

22. Сотталған босатылса немесе өлсе, онда түзеу мекемесінің (тергеу абақтысының) әкімшілігі сотталған туралы аумақтық органға хабарлама жолдайды, ал ол белгі соққан соң, есептік құжатты Комитетке жібереді. Басқа аймақта сотталған тұлға туралы хабарламаның қосымша данасы сотталған жеріндегі облыстық аумақтық органға жіберіледі.

Жол бойында қайтыс болған сотталғандар туралы хабарламаны сотталғандар кеткен мекеменің әкімшілігі, өлгені туралы актіні алған соң, жасайды.

Кешірім жасау туралы акті қолданылған тұлғалар жөнінде түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталған туралы хабарламаның 2 данасын жасайды, біреуі Комитетке тапсыру үшін аумақтық органға жолданады, екіншісі сотталған жеріндегі аумақтық органға жіберіледі.

23. Айдауыл кезінде жол үстінде сотталған ауырса, ол жатқан емдеу мекемесі қарайтын тергеу абақтысының әкімшілігі сотталған туралы хабарламаны ол айдалынған облыстың аумақтық органға жолдайды, ал онда есептік мәліметтер енгізілген соң Комитетке жіберіледі.

24. Өлім жазасын орындаған мекеменің әкімшілігі, сотталған туралы үкімнің орындалғанын көрсететін "үкім бойынша кетті" деген белгімен, аумақтық органға 2 дана хабарламаны тапсырады. Хабарлама аумақтық органның жеке хатымен сотталған жеріндегі аумақтық орган мен Комитетке жіберіледі.

25. Қамауға алу түріндегі жазаны атқарушы мекеме, сотталған келгеннен соң 5 жұмыс күні ішінде аумақтық органға 2 дана әліпбилік есептік кәртішкесін және 2 дана дактилоскопиялық картаны тапсырады, ал сотталған босатылса, көрсетілген мерзімде, сотталған туралы хабарламаға оның жеке тұлғасын растайтын құжаттың көшірмесін қоса жібереді.

26. Істі қайта қарау бойынша соттың тиісті үкімінің (қаулысының) келіп түсуіне дейін босатылған тұлғаларға қатысты үкімнің өзгертілуі жағдайында түзеу мекемесінің (тергеу абақтысының) әкімшісімен сотталу туралы хабарлама

осы Қағиданың 20-тармағымен белгіленген тәртіпте ұсынылады.

Ескерту: 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

## 6-тарау. Әділет органдарымен тұлғалар арқылы анықтау мәліметтерінің өзгеруі туралы деректерді тапсыруының тәртібі мен мерзімдері

Ескерту: 6-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

27. Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әділет департаменттерімен (бұдан әрі - Әділет департаменттері) әр айдың 15 және 30 күндеріне дейін сандарына Комитеттің аумақтық басқармаларына анықталған нысан бойынша (№6 қосымша) анықтау мәліметтерінің (тегі, аты және әкесінің аты, ұлты, туған жылы) өзгертілу себептері бойынша жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстыру мәселесі жөнінде аудандық және қалалық әділет органдарына жүгінген азаматтар туралы мәліметтер жолданады.

Ескерту: 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

## 7-тарау. Қылмыстық-атқару инспекцияларының есептік құжаттарды тапсыруының мерзімдері

28. Қылмыстық-атқару инспекция органдары үкімнің орындалу мерзімі ұзартылған, белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан, қоғамдық жұмыстарға, түзету жұмыстарына тарту құқығынан айрылған, бостандықтан шектелген шартты жазаға сотталған тұлғаларды өз есебіне алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде сотталушы туралы хабарламаны және сотталушы үкімінің көшірмесін аумақтық органдарға ұсынады. Басқа облыстардың соттары соттаған тұлғаларға әліпбилік есепке алу карточкасының 1 данасын, сотталушыға шығарылған үкімнің көшірмесі және 1 хабарламаны ұсынады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

29. Есепке алынған тұлға жазадан босатылса немесе ол жөніндегі үкім өзгерсе, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңымен қаралған басқа да негіздер бойынша есептен алу кезінде қылмыстық атқару инспекциясы тиісті процессуалдық шешімді алғаннан соң, 5 жұмыс күні ішінде аумақтық органға сотталған туралы инспекцияның есебінен сотталғандығының алыну негіздері

туралы толық мәліметтерін көрсетіп, хабарлама жолдайды.

Ескерту: 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

## 8-тарау. Ішкі істер органдарының қабылдау-бөлу мекемелерінің есептік құжаттарды тапсыруының тәртібі мен мерзімдері

30. Қабылдаушы-бөлушілер белгілі тұрғылықты жері мен жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ тұлғаларды босатқаннан кейін (азаматтың төлқұжаты, жеке куәлігі, шетелдіктің Қазақстан Республикасындағы ықтиярхаты, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі, жүргізуші куәлігі, әскери билет, он алты жасқа толмаған тұлғаның туу туралы куәлігі; азаматтың тууы туралы актілік жазбасы) 7 жұмыс күнінің ішінде аумақтық органға дактилоскопиялық картаның 1 данасын ұсынады. Бір облыс аумағында қайталап, 3 күнтізбелік жыл мерзімінде (1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін) бір тұлғаны дактилоскопиялық есепке қоюға рұқсат етілмейді. Қабылдаушы-бөлушілерден белгілі тұрғылықты жері мен жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ тұлғаларды босатқан мерзімнен бастап күнтізбелік жылдың есебі жүзеге асырылады.

Дактилоскопиялық картасында сауалнамалық (тектік) деректері белгіленбеген, белгілі тұрғылықты жері мен жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ тұлғалар аумақтық органдардың ұсынуына жатады, сауалнама деректері туралы мәліметтер Комитеттің есепке алу бойынша тексеру нәтижесіне сәйкес көрсетіледі. Комитеттің есепке алу бойынша тексеру нәтижесі мәліметтері болмаған жағдайда есепке алу құжаттары РФ ІІМ БАТО деректері негізінде ( деректер болған жағдайда) құрылады.

Тексеру шараларының нәтижесінде, қабылдау-бөлу мекемесінен босатылған тұлға жөнінде сауалнамалық деректердің аумақтық органға бұрын жіберілген есептік құжаттарда көрсетілгендерінен өзгешеліктері анықталса, онда қабылдау-бөлу мекемесінің әкімшілігі 5 жұмыс күні ішінде аумақтық органға ұсталған тұлғаны анықтау үшін жүргізілген тексерудің нәтижелері туралы анықтаманың көшірмесін есептік мәліметтерді түзету үшін жібереді.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19 N 52, 2010.01.20 N 3, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

30-1. Жеке басын анықтаушы құжаттары немесе белгілі тұрағы жоқ шетел азаматтары жалпы тәртіпте есепке алынулары тиіс.

Ескерту: 30-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

## 9-тарау. Соттардың есептік құжаттарды жіберуінің тәртібі мен мерзімдері

31. Соттар сот шешімін заңды күшіне енген кезінен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей аумақтық органға жібереді:

1) елтаңбалы мөрмен басылған сотта қаралған істің нәтижелері туралы анықтамаларды; (N7-қосымша);

2) жеке айыптау істері бойынша заңды күшіне енген үкімдердің ( қаулылардың) көшірмелерін;

3) соттылығын алу туралы қаулылар көшірмелері (істі қарау кезінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті басқармаларының қылмыстық-атқару инспекцияларында есепке алынған тұлғаларға қатысты қаулылардан басқа);

4) сотталғандардың сауалнамалық мәліметтерінің өзгергені туралы қаулылардың көшірмелерін.

Әскери прокурордың қадағалауындағы қылмыстық істерді сотта қараудың нәтижелері туралы анықтамалар әскери аумақтық органға жіберіледі.

Ескерту: 31-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

## 10-тарау. Аумақтық органдардың есептік құжаттарды орталықтандырылған есепке алуға тапсыруының тәртібі мен мерзімдері

32. Орталықтандырылған есепке алуға жататын есептік құжаттар 10 жұмыс күні ішінде 1 реттен кем емес тәртіпте ілеспе хаттармен Комитетке жіберіледі. Оның ішінде жолданған әліпбилік есептік кәртішкелердің, дактилоскопиялық карталардың және сотталған (қамауға алынған) туралы хабарламалардың саны көрсетіледі, әрі дактилоскопиялық формуланы көрсету арқылы әліпбилік ретте құрастырылған 2 дана бақылау тізімі қоса беріледі (N 18-қосымша).

Аумақтық басқармаға келіп түскеннен кейін 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жергілікті және орталықтандырылған есепке алынатын тұлғалар туралы мәліметтер есептік құжаттардың автоматтандырылған ақпараттық: АЕА әліпбилік есептік кәртішке және АДА дактилоскопиялық карта жүйелеріне енгізілуі қажет

Ескерту. 32-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2010.01.20 N 3 Бұйрығымен.

33. Толықтығы мен айқындығы құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінде дәлдеуді қажет еткен орталықтандырылған есепке алуға жататын

есептік құжаттар, Комитетке жеке ілеспе хатымен олардың кешіктірілген себебін көрсетіп, жолданады.

## 11-тарау. Аумақтық органдарда есептік құжаттарды өңдеу

34. Аумақтық органдар келіп түскен есептік құжаттардың мерзімінің сақталуын және рәсімделуінің дұрыстығын, дактилоскопиялық карталардағы саусақ бедерінің сапасы мен бірдейлігін және әліппелік есептік кәртішкелерді тексереді.

Егер мәліметтердің толық еместігі немесе әртүрлі екендігі анықталса, оларды толықтыру немесе нақтылау жөнінде шұғыл шаралар қолданылады.

35. Аумақтық органдар саусақ бедерлері бойынша дактилоскопиялық формулаларды есептеп шығарады, ал олар дактилоскопиялық карталар мен әліпбилік есептік кәртішкелерде көрсетілуі тиіс.

36. Аумақтық органдардың тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекаларында 1 данадан әліпбилік есептік кәртішкесі мен дактилоскопиялық карта орналастырылады. Тегі бойынша картотека бұрын сотталған немесе басқа сауалнамалық деректерді иеленген іздеудегі тұлғаларды анықтау мақсатында тексеріледі.

Дактилоскопиялық карталарды картотекаға орналастырмастан бұрын, жалған сауалнамалық деректерді иеленіп, жасырынып жүрген тұлғаларды анықтау үшін тексереді.

Қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғаларға қатысты әліпбилік есепке алу карточкаларының екінші даналарынан тергеу (қадағалау) органдары және сот іс жүргізу шешімдерінің түсуін бақылау бойынша картотека жасалады. Дактилоскопиялық карталардың екінші даналары көрсетілген картотекаларда әліпбилік тәртіпте жүйеленеді.

Ескерту. 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

37. Қамауға алынғандардың бұлтартпау шарасының өзгеруіне байланысты тергеу абақтысынан босатылғаны жөнінде мәліметтер келіп түскен жағдайда әліпбилік есептік құжаттарда және бақылау картотекасында тиісті белгі қойылады.

38. Аумақтық органдардың статистика бөлімшелері тегі бойынша есепке алуға тапсырылатын қабылданған процессуалдық шешімдер (сотта қаралған істердің нәтижесі туралы анықтамалар, бұрын айып тағылған тұлғалар жөнінде қылмыстық істі қысқарту туралы әліпбилік есептік кәртішкелер) туралы мәліметтердің толықтығын және мерзімінде тапсырылуын қамтамасыз етеді.

39. Тергеу (анықтау) органдарының немесе соттардың қабылдаған процессуалдық шешімдерін толық және мерзімінде келіп түсуін қамтамасыз ету мақсатында, аумақтық органдар тегі бойынша есепке алу және статистика бөлімшелері он күн сайын тегі бойынша есепке алу мәліметтері мен бірыңғай ықшамдалған статистикалық жүйенің статистикалық деректерін өзара салыстырады (2.0 нысанды кәртішкелер бойынша деректер базасынан мәліметтер тапсыру арқылы).

Салыстыру актісін құру нәтижелерін салыстыру арқылы рәсімделеді.

Ескерту. 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

40. Қабылданған процессуалдық шешімдер туралы мәліметтер толық және дәлдеп әліпбилік есептік кәртішкелеріне енгізулері қажет. Әліпбилік есептік кәртішкенің бір данасы орталықтандырылған есепке алуға жолданған жағдайда, аумақтық органның картотекасындағы орналасқан кәртішкеде 2-ші данасының аумақтық органға жолданған мезгілі туралы белгі қойылады.

41. Аумақтық органдар қамауға алу түріндегі бұлтартпау шаралары таңдалған тұлғаларға қатысты іс жүргізу шешімі туралы мәлімет түскен кезден бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей, оларды әліпбилік есепке алу карточкасына енгізіп, тегі бойынша картотекаға орналастырады.

Бұл санаттағы сотталғандардың әліпбилік карточкалары Комитетке жолданбайды.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

42. Тергеу абақтысынан тергеу (анықтау) органдарының және соттардың қамауға алынғандардың сауалнамалық деректерінің нақтылануы (өзгеруі) туралы қаулыларының негізінде жасалған әліпбилік есептік кәртішкелер мен дактилоскопиялық карталар келіп түскен жағдайда, бұрынғы әліпбилік есептік кәртішкелері және дактилоскопиялық карталары жойылады, ал олардың орнына жаңа есептік құжаттар орналастырылады.

Сотталған тұлға жөніндегі көрсетілген әліпбилік есептік кәртішкесіндегі сауалнамалық деректерді өзгерту, соттың тиісті қаулысы негізінде, осы Қағиданың N16-қосымшасының 7-тармағында белгіленген тәртіппен енгізіледі, содан соң соттың сауалнамалық деректерін өзгерту туралы қаулысының көшірмесі Комитетке жолданады.

43. Анықтау мәліметтерін өзгерткен азаматтар туралы Әділет департаменттерінен келіп түскен мәліметтерді Комитеттің аумақтық басқармалар қызметкерлері тегі бойынша есепке алу арқылы тексереді. Анықтау мәліметтерін өзгерткен азаматтарға қатысты мәліметтер болғанда жаңа сауалнамалық мәліметтер бойынша әліпбилік кәртішкенің 2 данасы құрастырылады оның 1

данасы 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей Комитетке жолданады.

Ескерту: 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

44. Сотталған туралы хабарламаға сәйкес әліпбилік есептік кәртішкесіне сотталғандардың қозғалысы, заңды күшіне енген сот үкімінің өзгеруі, сотталғанның босатылуы, өлімі мен оның тіркелген орны т.б. мәліметтер енгізіледі, содан соң орталықтандырылған есепке алуға жататын тұлғалар жөніндегі хабарламалар 10 жұмыс күні ішінде Комитетке жіберіледі.

Әліпбилік есептік кәртішкелерге сотталғанның өлімі, ату жазасына кесілген тұлға жөнінде үкімнің орындалуы туралы мәліметтер енгізілгеннен соң олардың дактилоскопиялық картасы жойылады.

Ату жазасының орындалғаны туралы "үкім бойынша кетті" деген белгісі бар хабарлама сотталған жеріндегі аумақтық орган мен Комитетте жалпыға бірдей тәртіп бойынша өңделеді.

Сотталғандар мен басқа да дұрысталған құжаттар туралы хабарлама мәліметтері аумақтық басқармаларға келіп түскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ енгізу қажет.

Ескерту. 44-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2010.01.20 N 3 Бұйрығымен.

45. Аумақтық органдарға қылмыстық-атқару инспекциясының қызметімен ұсынылған алфавиттік есепке алу кәртішкелері картотекаларға орналастырылады. Хабарламадағы мәліметтер әліпбилік есептік кәртішкесі жазылып, АЕА ААЖ енгізілуі тиіс, хабарламалар Комитетке жолданады.

Қылмыстық-атқару инспекциясы органының салыстыру қорытындысы 2 данада құрастырылатын акті түрінде рәсімделіп, орган басшылары қол қояды. Салыстыру актісінің бір данасы аумақтық органда сақталады.

Қылмыстық-атқару инспекциясы органдарының әліпбилік есептік құжаттарды рәсімдеу қағидасы мен аумақтық органға тапсыру мерзімдерін сақтауын бақылау есептік деректерін кезеңді (жарты жылдықта 1 реттен кем емес) салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 45-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2010.01.20 N 3, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

46. Әліпбилік есептік кәртішкелерді картотекаға орналастырарда, осы жұмыстың атқарылған күні мен оны атқарған қызметкердің тегі көрсетіледі, дактилоскопиялық карталарда сыртқы сол жақ төменгі бұрышында күнін, дактилоскопиялық формуланы есептеп шығарғанның тегін көрсету керек, сотталған (қамауға алынған) туралы хабарламада - әліпбилік есептік кәртішкелерімен салыстырып, тиісті белгі соққан қызметкердің тегі көрсетіледі.

Ескерту: 46-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2007.08.17. N 33 Бұйрығымен.

47. Жеке айыптау ісі бойынша үкім (қаулы) түсісімен әліпбилік есептік кәртішкесінің 2 данасы жасалып, бірі 5 жұмыс күні ішінде Комитетке жолданады да, екіншісі өздерінің тегі бойынша картотекасында сақталады.

48. Ұлттық қауіпсіздік органдарының хабарламасына сәйкес әліпбилік есептік кәртішкелері олардың мұрағатында сақтаулы жатқан қылмыстық істердің мұрағаттық шифрларына енгізіледі.

49. Аумақтық органдар тергеу (анықтау) органдарының немесе соттың процессуалдық шешімдерін бақылау картотекасын тоқсан сайын 1 реттен кем емес мерзімде тергеу абақтысының картотекаларымен салыстыру жүргізіп, қорытындысы бойынша акт жасайды.

Көрсетілген кезеңде, аумақтық органдар қабылдаушы-бөлуші органдардың тұрағы немесе құжаттары жоқ ұсталынған тұлғалар жөнінде есептік құжаттарды толық және мерзімінде тапсыруына тексеру жүргізеді.

Ескерту. 49-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

50. Тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекалар аумақтық органдардың әдістемелік нұсқауларына, оларды жасаудың үлгілі тәртібіне (N16-қосымшаға) сәйкес жүргізіледі.

51. Көліктік аумақтық органдары, тоқсан сайын 1 реттен кем емес мерзімде, көліктік прокурордың қадағалауындағы тергеу (анықтау) органдары есептік кезеңде қылмыстық жауапкершілікке тартқан тұлғалар туралы мәліметтерді аумақтық органға жолдайды.

Аумақтық органдар көрсетілген кезеңде алынған деректерді есепке алу мәліметтерімен салыстырады, оның нәтижесін көліктік аумақтық органға, есепке алуға тапсырылатын әліпбилік есептік кәртішкелерінің толықтығын қамтамасыз ету шараларын қолдану үшін хабарлайды.

52. Әліпбилік есептік кәртішкенің толтырылу сапасы мен деректемелер толықтығын тексерген соң, әскери аумақтық орган оны қылмыстық істер бойынша процессуалдық шешімдер түсуін бақылайтын картотекаға орналастырады.

Қылмыстық іс бойынша процессуалдық шешімдер түскен соң, мәліметтер әліпбилік есептік кәртішкесіне толық және дәл түрде енгізілуге жатады, содан кейін ол 5 жұмыс күні ішінде Комитетке жолданады. Бұдан кейін қабылданған процессуалдық шешімдер туралы материалдар сол мерзімде аумақтық органға жіберіледі.

Әскери аумақтық орган тергеу (анықтау) органдары немесе соттардың қылмыстық істер бойынша қабылдаған процессуалдық шешімдері туралы

мәліметтердің, өздеріне қарсы қылмыстық қудалау қысқартылған тұлғалар жөнінде мәліметтердің келіп түсуін бақылауды қамтамасыз етеді. Тоқсан сайын, 1 реттен кем емес, тегі бойынша есепке алудың және бірыңғай ықшамдалған статистикалық жүйенің тиісті статистикалық деректерімен өзара салыстыру жүргізіп, оның нәтижесін анықтамамен рәсімдейді.

53. Тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекадағы есептік құжаттардың сақталу мерзімі арнайы тізімдемемен белгіленеді (N10-қосымша).

## 12-тарау. Есепке алудың ақпараттық қорларының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

54. Картотекалық қорларды және ондағы ақпараттардың сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында тыйым салынады:

1) сақталуының белгіленген мерзімі аяқталғанша әліпбилік есептік кәртішкелерін және дактилоскопиялық карталарын алып тастауға;

2) картотека қызметкерлерінен басқа тұлғаларға есептік құжаттарды уақытша пайдалану үшін беруге;

3) автоматтандырылған есепке алуды жүргізуді автоматтандырылған ақпараттық жүйеге рұқсатсыз қолсұғудан бақылау және қорғау құралдарымен қамтамасыз етпей жүргізуге.

Ескерту. 54-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2010.01.20 N 3 Бұйрығымен.

55. Есептік құжаттары анықтамалық жұмыс жүргізуге қолайлы арнаулы шкафтарда сақталуы қажет. Шкафтар өртке қарсы жабдықталған, бөлек оқшауланған бөлмелерде орналастырылады.

56. Басқа бөлімшелер қызметкерлерінің картотекалық бөлмелерге жіберілуі, аумақтық органның бастығы бекіткен тізімге сәйкес жүргізіледі.

## 3-бөлім
## Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының ақпаратты-анықтамалық қызметі 13-тарау. Қылмыстық қудалау органдарының, соттардың, жазаны атқару, көші-қон қызметінің, Қазақстан Республикасының халықты құжаттау және тіркеу органдарының есептік мәліметтерді сұратып алуының негіздері мен тәртібі

Ескерту: 13-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

57. Тегі бойынша картотекаға және автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге тексерілетін адамдарда соттылықтың болуы (болмауы), жазаны өтеу орны мен уақыты, босату уақыты мен негізі, іздестіруде болуы, қылмыс жасаған адамдар, сонымен қатар ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі қоғаудан бас тарту туралы басқа да ескерілетін мәліметтерді алу үшін тексеру жүргізіледі.

Дактилоскопиялық картотекалар бойынша және автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге тексеру тұлғаның жеке басын және де қамалғандардың, сотталғандардың сотталынғандығы туралы деректерді, қылмыс жасағаны жөнінде, сезікті ретінде ұсталғандар, тұрағы немесе құжаттары жоқ тұлғалар, іздеудегі тұлғалар, егер де олар басқаның немесе ойдан шығарылған сауалнамалық деректерді атады деген сезік болса, сондай-ақ хабар-ошарсыз кеткен тұлғалар, белгісіз мәйіттер жөніндегі мәліметтерді анықтау үшін жүргізіледі.

Ескерту. 57-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2010.01.20 N 3, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

58. Ақпаратты-анықтамалық есепке алуды пайдалану құқығына заңнамада көзделген тәртіппен жедел-іздестіру қызметін, тергеу, анықтауды жүзеге асырушы, жазаны орындауды атқарушы мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының соттары, көші-қон қызметінің бөлімдері, ішкі істер органдарының рұқсаттық жүйелері Қазақстан Республикасының халықты құжаттау және тіркеу органдары, қорғаныс істері жөніндегі органдар тегін иеленеді.

Сұрау салу тексеруге жататын тұлғаның тұратын жері немесе ұсталған жеріндегі аумақтық органға жолданады.

Комитеттің есептеріне тек мемлекеттік органдардың орталық аппараттарының жүгінуіне рұқсат етіледі.

Ескерту. 58-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19 N 52, 2010.01.20 N 3, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

59. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

60. Жедел-іздестірушілік қызметін, тергеуді, анықтауды, жазаны орындауды заңнамада көзделген тәртіппен жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, олардың кадр қызметінің, көші-қон қызметі бөлімдерінің, ішкі істер органдарының рұқсаттық жүйелері Қазақстан Республикасының халықты құжаттау және тіркеу органдарымен, қорғаныс істері жөніндегі органдардың, Қазақстан Республикасы соттарының есептік мәліметтерді сұратып алуы

белгіленген үлгідегі талап бланкілерінде (NN 8, 14-қосымшалар) жүргізіледі. Бланкілердің нысаны мен мөлшерін өзгертуге жол берілмейді.

Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алу бойынша бір мезгілдік тексеріс жағдайы туындаса, онда талапқа қосымша тексерілуші тұлғаның дактилоскопиялық картасы қоса жіберіледі.

Басқа мекемелер, ұйымдар және азаматтардың талап бланкілерінде рәсімделген сұрау салулары тексеруге жатпайды және бастама иесіне қайтарылмайды.

Ескерту: 60-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19. N 52, 2007.08.17. N 33, 2010.01.20 N 3 бұйрықтарымен.

61. Талап әрбір тексерілуші тұлғаға бөлек жасалынады. Тегі, аты, әкесінің аты баспа әріптерімен, бірінші әріптері бас әріппен жазылады, туған жері, уақыты толық көрсетілуі қажет. Туған күні, айы белгісіз болған жағдайда сәйкес бағанға "00" жазуы енгізіледі. Тексерілушінің әкесінің аты болмаған жағдайда сәйкес бағанға "жоқ" деген жазу енгізіледі.

Атын, әкесінің аты мен тегін өзгерткен тұлғалар үшін туған уақыты болып бұрынғы және өзгертілген сауалнамалық деректері көрсетіледі.

62. Орындаушы мен тексеруді рұқсат еткен лауазымды тұлғаның қолдары қойылмауы, сұрау салушы органның мөрі, сондай-ақ талап бланкісінің деректемесінде көрсетілуі тиіс басқа да мәліметтердің жоқтығы, сұрау салудың орындалмауына негіз бола алады.

63. Тізімдер бойынша ақпараттық-анықтамалық есепке алу мәліметтерін сұрату құқығы (бірінші таңба бойынша) ұлттық қауіпсіздік органдарына, сонымен қатар алқа билікке үміткерлерді тексерген кезде жергілікті атқарушы органдарына берілген. Тізімде міндетті түрде тексерілетін адамдардың сауалнамалық деректері: тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылы және жері көрсетілуі тиіс. Тегін, атын, әкесінің атын, туған күні, айы, жылы және жерін өзгерткен адамдар бұрынғы және өзгертілген сауалнамалық деректерін көрсетуі қажет. Тізімнің әрбір парағы орган мөрімен және тексеруге рұқсат еткен басшының қолымен бекітіледі. Орындаушының және тексеруге рұқсат еткен лауазымды тұлғаның қолының; сұрауға бастамашы болған органның мөрінің, сонымен қатар тізім деректемесінде көрсетілуі тиіс басқа да мәліметтердің болмауы сұрауды орындаудан бас тартуға негіз болып табылады.

Тізім түрінде ұсынылған сұраулар (Ережеге қоса берілген № 29-қосымша) 10 жұмыс күннің ішінде орындалуы қажет.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

64. Осы Қағида белгілеген ережелерді бұзып рәсімделген, тазалаулары мен түзетулері бар, көшірме қағазды пайдаланып толтырылғандар, қатесі бар және

барлық деректемелері толтырылмаған талаптар мен тізімдер орындауға жатпайды және сұрау салу иелеріне "Сұрау салу белгіленген қағидаларды бұзып рәсімделінген. Тексеріске жатпайды" деген белгімен қайтарылады.

65. Сұраулар (талаптар) Комитет немесе оның аумақтық органдарына ілеспе хат және тексерілетін адамдардың тізімімен қоса пошталық байланыс немесе қолма-қол берілуі тиіс.

Талаптар аумақтық органға түскен кезден бастап 5 жұмыс күннің ішінде орындалады.

Анықтау немесе сотқа дейінгі оңайлатылған өндіріс тәртібінде тергелетін істер бойынша талаптар түскен кезінен бастап тәулік ішінде орындалады. Сол сияқты талапта «Анықтау» немесе «Сотқа дейінгі оңайлатылған өндіріс» көрсетілуі қажет.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

66. Сұрау салуды телеграф байланысы каналдарымен жолдауға болады.

Факсимильдік немесе шифрленген байланыс арқылы келіп түскен сұрау салулар, сондай-ақ халықаралық келісімдерде белгіленген тәртібі бұзылып ұсынылған шетелдік мемлекеттердің қылмыстық қудалау органдарының сұрау салулары орындауға жатпайды.

Ескерту. 66-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2010.01.20 N 3 Бұйрығымен.

67. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары берген ақпаратты-анықтамалық мәліметтерді сұрау салу иелері қолданыстағы заңнамаға сәйкес пайдалануы қажет.

67-1. МАБ есебінен мәліметтерді алу үшін ішкі істер, прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, қаржы полициясы, кедендік бақылау органдары және қылмыстық атқару жүйесінің аумақтық бөлімшелері сұрауларын өздерінің орталық органдары (Ішкі істер министрлігі, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік, қаржы полициясы, кедендік бақылау комитеті, Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті) арқылы РФ ІІМ БАТО атына жолдауы қажет.

Ескерту. Қағида 67-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

## 14-тарау. Жеке тұлғаларға ақпараттық - анықтамалық қызмет көрсету

Ескерту: 14-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2007.08.17. N 33 Бұйрығымен.

68. Жеке тұлғаларға қызмет көрсету олардың қаражатына, ақылы ақпараттық - анықтамалық қызмет көрсету мәселелері бойынша нормативтік актілермен айқындалған тәртіпте, шектерде, көлемде және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаларға өтеусіз негізде ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету жүгінген кезден бастап 7 жұмыс күн мерзімінің ішінде қамтамасыз етіледі.

Арыз берушіге қатысты қосымша шаралар жүргізу барысында аумақтық орган 3 жұмыс күні ішінде арыз берушіге оның арызының қаралу мерзімінің ұзару себебін көрсетумен уақыт аралық жауап береді. Уақыт аралық жауапта арыз берушіге уәкілетті органға арыздың келіп түскеннен кейін 20 күн өтісімен қайта жүгіну қажеттігі хабарланады.

Қағиданың 60 тармағында көрсетілген органдарға ұсыну қажеттілігімен түсіндірілген өтініштер бойынша есеп мәліметтерін ұсынуға жол берілмейді.

Ескерту: 68-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19 N 52, 2007.08.17 N 33, 2010.01.20 N 3, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

69. Комитеттің (аумақтық органның) есепке алу мәліметтерін беру туралы сұрау салуды қарауының нәтижесі жазбаша түрде көрсетіледі.

70. Сотпен тағайындалған жазаны өтеу немесе соттылығын алып тастау деректерін растайтын құжаттар (тағайындалған жазаға байланысты: айыппұлды төлеу туралы түбіртек; түзету мекемесінен босату туралы анықтама; қылмыстық-атқарушылық инспекциясын есептен шығару туралы анықтама) қоса берілуі мүмкін азаматтың жазбаша сұранымы бойынша оған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 77 және 86-баптарымен сәйкес берілген күніндегі жағдай бойынша соттылығының жоқтығы туралы анықтама беріледі (N 24-қосымша). Анықтама берген қызметкер әліпбилік есептік кәртішкесіне және АЕА ААЖ-не Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (немесе Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің) баптарына сілтеме жасай отырып, соттылығының өтелгені туралы белгі қояды.

Соттылығы бар болған жағдайда соттың шешімін көрсету арқылы соттылығы туралы анықтама беріледі (N 24-1-қосымша).

Адамға қатысты қылмыстық істі қысқарту, сонымен қатар ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қабылдағыш-бөлгіштердің адамдарды ұстауы жөніндегі мәліметтері анықтамаларда көрсетілмейді.

Ескертпе: Азаматтарға олардың сұранымдары бойынша берілген анықтамалар қылмыстық істің материалдарына, олар бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы шешім қабылданған, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға және сонымен қатар соларға теңестірілген тұлғаларға қатысты арнайы тексерулердің материалдарына тіркелуіне болмайды.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2007.08.17 N 33 , өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2010.01.20 N 3, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

71. Жүгінулерді қабылдау, сонымен қатар жүгінушіге қатысты есепке алу мәліметтерін беру жүгінуші жеке басын анықтайтын құжатты ұсынған жағдайда беріледі, оның көшірмесі сұратып алу қағазына тігіледі. Тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін өзгерткен адамдар бұрынғы анкеталық мәліметтерін де көрсетеді.

Сұрау салу өтініште көрсетілген сауалнамалық деректердің оның тұлғасын растайтын құжаттағы мәліметтерге сәйкестігін тексергеннен соң қабылданады, бұл туралы аумақтық органның қызметкері тиісті белгі соғып, оған қолын қойып, растайды.

Ескерту. 71-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2010.01.20 N 3 Бұйрығымен.

72. Аумақтық орган бастығының шешімі бойынша есептік мәліметтер басқа тұлғаға, егер ол мәліметтер берілетін тұлға берген нотариалдық түрде расталған жазбаша сенім хат көрсетсе, беріледі. Сенім хат аумақтық органға тапсырылады.

73. Іздеу жарияланған тұлғалар жөніндегі мәліметтер азаматтардың сұрау салуы бойынша берілмейді.

Өтініш берушінің іздеуде екендігі туралы мәліметтер анықталса, аумақтық орган дереу, ішкі істердің аумақтық органына оны ұстау жөнінде шаралар қолдануы үшін хабарлауы қажет.

74. Сұрау салуға қосылған сот үкімі бойынша тағайындалған жазаның соттылығының жойылуы мен алынуы туралы құжаттарды (олардың нотариалды түрде расталған көшірмелері) аумақтық органдар есепте бар ақпаратты берілген мәліметтермен толықтырып, орталықтандырылған есепке алу мәліметтерін түзету үшін жолдауға құқылы.

Осы аталған жағдайда есепке алу бойынша тексеру нәтижелері туралы ақпарат толықтырылған түрде көрсетілуі қажет.

Ескерту: 74-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

75. Азаматтардың сұранымдарын тіркеу прокуратура органдарында белгіленген тәртіптегі іс жүргізуге сәйкес жүзеге асырылады.

Соттылығының барлығы (жоқтығы) туралы жеке тұлғалардың сұранымдары бойынша хат алмасу материалдары 5 жыл өткеннен кейін "Комитет Төрағасының 2004 жылғы 8 қаңтардағы N 1-н/қ бұйрығымен бекітілген" Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің қызметінде сақтау мерзімдерін көрсету арқылы құрылатын құжаттар тізбесі" 71-бабының талаптарына сәйкес акт бойынша

жойылады.

Ескерту: 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2007.08.17. N 33 Бұйрығымен.

75-1. Соттылығының бар-жоғы туралы анықтаманы беру туралы жүгінулерді қабылдау Халыққа қызмет көрсету орталығымен де іске асырылады (ХҚО).

Анықтаманы ХҚО арқылы алу тәртібі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеуге алу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің 2009 жылғы 10 наурыздағы № 45 және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2009 жылғы 13 наурыздағы № 41 бірлескен бұйрықтармен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Тіркеуге алу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің халыққа қызмет көрсету орталықтарының және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық басқармаларымен өзара әрекеттесулері ережелерінде реттелген.

Ескерту. 75-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2010.01.20 N 3 Бұйрығымен.

76. Адвокаттар адамдарға заңдық көмек көрсеткен кезде аталған тұлғаларға қатысты мәліметтерді аумақтық органға нақты іске қатысқанын растайтын құжат көшірмесін (ордерлер, келісімдер тергеу (анықтау) немесе сот органдарының хат түріндегі растауы) ұсына отырып, хат түрінде жүгіну арқылы есепке алу мәліметтерін талап етеді.

Адвокаттарға есепке алу мәліметтері соттылықтың өтелуіне немесе алынуына немесе қылмыстық қудалаудың тоқтатылу негізіне қарамастан, ақпараттық есепке алу құжаттарының сақталу мерзіміне (Ережеге қоса берілген № 10 қосымша) сәйкес ұсынылады.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

## 15-тарау. Азаматтарға қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға өкілетті мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдарға ақпараттық-анықтамалық есеп мәліметтерін ұсыну

Ескерту: 15-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2007.08.17. N 33 Бұйрығымен.

77. Азаматтарға қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен өкілеттік берілген осы Қағиданың 60-тармағында көрсетілген мемлекеттік, өзге де органдар және органдар қатарына кірмейтін ұйымдар есепте бар мәліметтерді талап ету

бланкілерінде тегін негізде талап етеді.

Сұраулар (талаптар) пошта байланысымен немесе қолма қол ілеспе хаттармен және тексерілген адамдар тізімінің қосымшасымен Комитеттің аумақтық органдарына жолдауға жатады.

Талаптарды жіберу кезінде ілеспе хатта оларға азаматтарды тексеруді жүзеге асыру құқығы берілген нормативтік құқықтық актіге сілтеме беріледі.

Мұндай жағдайда, тектері бойынша есепке алу мәліметтері, соттылығын өтеуге не алуға немесе қылмыстық қудалауды қысқарту негізіне байланыссыз ақпараттық есепке алу құжаттарын сақтау мерзімдеріне сәйкес (N 10 қосымша), тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға өкілетті органдар мен ұйымдарға ұсынылады. Сұранымдар 10 күнтізбелік күннің ішінде орындалады.

Егер талаптың 7-деректемесінде тексеруге жұмысқа орналасу негіз болса ( құқық қорғау қызметіне орналасуды есептемегенде), тегі бойынша есепке алу мәліметтері Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 77-бабын ескере отырып, ұсынылады.

Ескертпе:

1) Осы Қағиданың 60 және 77-тармақтарында көрсетілген органдардың санатына кірмейтін заңды тұлғалардың мәліметтерді талап етуі осы Қағиданың 72-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

2) Мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік қызметке орналасуға үміткер тұлғаларға (соларға теңестірілгендерге) қатысты мәліметтерді талап ету сыбайлас жемқорлық және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың есебін жүргізуді регламенттейтін нормативтік құқықтық актілердің негізінде жүзеге асырылады.

3) Талап ету бланкілерінде рәсімделген өзге мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың сұранымдары тексеруге жатпайды және орындаусыз, себептерін және есепке алуға жүгіну тәртібін түсіндіру арқылы бастамашыларға қайтарылады.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2007.08.17 N 33 Бұйрығымен, өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

78. Тексерілуге жататын тұлға жөніндегі ақпаратты-анықтамалық есепке алу мәліметтері талаптың сыртында көрсетіледі. Анықтамада есепке алу бойынша тексерудің мезгілі, сұрау салуды орындаған аумақтық орган қызметкерінің тегі немесе оның нөмірлі мөртаңбасы көрсетіледі.

Ақпаратты-анықтамалық картотекаларда тексерілуші жөнінде қозғалған қылмыстық іс бойынша процессуалдық шешім туралы мәлімет жоқ болса, анықтамада қылмыстық іс қозғалған фактісі көрсетілуі қажет.

Егер дактилоскопиялық есепке алу мәліметтері бойынша тексерілуші

тұлғаның соттылығы басқа сауалнамалық деректерімен болғаны анықталса, аумақтық органдар тексеру бастамашысына (N19-қосымша) тиісті анықтама береді, ал белгісіз мәйіттің тұлғасы анықталған жағдайда - хаттама (N20-қосымша) беріледі.

Тексерілуші тұлға жөнінде есептік мәліметтер жоқ болса, онда талаптың сыртына тиісті ақпарат көрсетіліп, мөртаңба басылады, тексерудің мерзімі және оны жүргізуші қызметкердің тегі (нөмірлі мөртаңбасы) қойылады. Тізімде көрсетілген тексерілуші тұлға жөнінде мәліметтер бар болса, онда тізімнің сыртқы жағына тиісті белгі қойылады.

Тегі бойынша есепке алуда тексерілуші тұлға жөніндегі мәліметтер басқа сауалнамалық деректер бойынша екені анықталса, талапта тексерумен анықталған сауалнамалық деректері мен ол туралы бар мәліметтер көрсетіледі.

Аталған талаптар, онда көрсетілген мәліметтердің тексерілуші тұлғаға қатысты екендігін сұрау салу бастамашылары өзге көздер (үкімдердің көшірмелері, дактилоскопиялық ұқсастандыру) арқылы бекіткен соң ғана, тексеру материалдарына тігіледі.

79. Жазаны өтеу жерінде өлгендер туралы мәліметтер ақпараттық есепке алу құжаттарын тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекаларда (10-қосымша) сақтау мерзімі тізімдемесінің 2-тармағымен қаралған сақталу мерзіміне сәйкес беріледі.

Осы көрсетілген мерзімдер өткен соң, жазасын өтеу жерінде өлгендер жөнінде есептік мәліметтер мемлекеттік органдардың мұрағаттарының сұрау салуы бойынша немесе осындай азаматтардың тағдырын анықтауға байланысты туыстарының сұрау салулары (өтініштері) бойынша беріледі.

Ескерту: 79-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

80. Сайлау комиссияларының сұрау салулары қолданыстағы заңнамаға сәйкес орындалады.

## 4-бөлім. Іздеуді есепке алу 16-тарау. Анықтау, тергеу немесе сот және жазасын өтеуден жасырынған тұлғаларды есепке алу

Ескерту: 16-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

81. Есепке алу объектілері болып анықтаудан, тергеуден, соттан немесе жазасын өтеуден жасырынған тұлғалар саналады.

Тұлғаны іздеу бір іздестіру ісі бойынша жүзеге асырылады. Бір тұлғаға қатысты жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға өкілетті екі және одан да көп

органдармен іздестіру ісін жүргізу туралы қаулы шығарылған жағдайда, есепте бір ғана іс қалдырылады, ал қалған істер бойынша материалдар оған біріктіріледі . Сонымен қатар, оларды жүргізу туралы қаулылардың күші жойылады.

Келешекте жедел-іздестіру іс-шараларын жүзеге асыратын органды белгілеу жоғары тұрған ведомствоның тікелей бақылауында болады.

Ескерту: 81-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2007.08.17. N 33 Бұйрығымен.

82. Есептік құжаттар нысандары болып саналатындар:

1) іздестіру кәртішкесі;

2) мемлекетаралық іздеу жариялау туралы қаулы;

3) іздеуді қысқарту туралы қаулы (Ережеге қоса берілген № 28-қосымша);

Есепке алу құжаттарына іздестіру ісін бастау туралы қаулыны бекіткен лауазымды тұлға қол қойып, келесі күннен кешіктірмей прокурордың келісімін алу үшін Комитеттің аумақты органына тіркеуге ұсынылады.

Іздеу ісін жүргізу туралы келісімді прокурор іздеу ісін жүргізу туралы қаулыға елтаңбалық мөрмен басылған жазбаша рұқсат қағазымен білдіреді.

Комитеттің аумақтық органында анықтау, тергеуден жасырылған адамдарға қатысты іздестіру материалдарын (соттан және жазасын өтеуден жасырылған адамдарға қатысты іздестіру істерінен басқа) есепке қоймас бұрын, іздестіруді жүзеге асыратын органдар іздестіру ісінің материалдарын оны жүргізу заңдылығын зерделеу үшін қадағалаушы прокурорға ұсынады. Комитеттің аумақтық органы іздестіру ісін бастау туралы шешімімен, прокурордың келісімі ( жазбаша бұрыштама мен қол қою түріндегі) бойынша іздестіру нөмірін береді.

Іздестіру істерін тіркеу аумақтық органдардың (әскери және көліктік аумақтық органдарды қоса) іздестіру істерін тіркеу журналында (Ережеге қоса берілген № 25-қосымша) аудандық және оларға теңестірілген прокуратураларда орналасқан статистиканы қалыптастыру топтарының қызметкерлері, облыстық аумақтық органдар (әскери және көліктік аумақтық органдарды қоса) жүргізеді.

Аумақтық органдарда (әскери және көліктік аумақтық органдарды қоса) іздестіру істерін тіркеуді есепке алу мақсатында, бақылау журналы жүргізіледі.

Аудандық және оған теңестірілген прокуратураға көшірілген Комитеттің аумақтық органының қызметкері есепке алу құжаттарының толыққанды және сапалы толтырылуын тексергеннен кейін, бір жұмыс күнінің ішінде АЕА ААЖ енгізілуін қамтамасыз етеді және түскен кезінен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде Комитеттің аумақтық органына ұсынады. Комитеттің аумақтық органы АЕА ААЖ енгізілген мәліметтердің растығын тексереді.

Комитетке іздестіру карточкалары мемлекетаралық іздеуге жарияланған адамдарға ғана, мемлекетаралық іздеуге жариялау туралы қаулымен қатар жолданады.

Мемлекетаралық іздеуге адамды дереу жариялаған жағдайда, іздестіру карточкасының және мемлекетаралық іздеуге жариялау туралы қаулысының оң жақ бұрышына «Шұғыл» белгісі қойылады.

«Шұғыл» белгісі қойылған ақпараттық есепке алу құжаттары түскен кезінен бастап Комитетке бір жұмыс күнінің ішінде жолданады.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

83. Комитеттің аумақтық органдары есепке алу құжаттарының уақытылы және толық ұсынылуын қамтамасыз ету мақсатында ББСЖ ААЖ деректерінің АЕА ААЖ деректерімен ҚР ҚІЖК 50-бабының 2-тармағы және 304-бабының 3-тармағы бойынша тоқтатылған қылмыстық істердің қылмыстық қудалау органдарының аудандық, облыстық және соларға теңестірілген звеноларының іздестіру ісін бастау туралы мәліметтерімен салыстыруды ай сайын 15 күнге дейін жүргізеді.

Комитеттің аумақтық органдары сот іздеуге жариялаған адамдар туралы қылмыстық қудалау органдарының аумандық, облыстық және соларға теңестірілген звеноларының іздестіру ісін бастау туралы мәліметтеріне тоқсан сайын салыстыру жүргізеді. Салыстыру нәтижесі бір данада құрастырылатын актімен рәсімделіп, оған Комитеттің аумақтық органының бастығы қол қояды.

Комитеттің аумақтық органдары анықталған үйлеспеушіліктер бойынша прокурорлық ықпал ету шараларын қабылдайды.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

83-1. Комитеттің аумақтық органы ай сайын 10 күнге дейін Ішкі істер министрлігінің және Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) ведомстволық нұсқаулықтарында көзделген мерзімдерге сәйкес мемлекетаралық іздеуге жариялануы тиіс іздестірілетін адамдар туралы қадағалаушы прокурорға ақпаратты жолдайды.

Ескерту. Қағида 83-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

84. Іздестіру істерін тіркеуге тапсырған кезде есептік құжаттардың барлығы тексеріледі. Іздестіру ісін ашуға негіз бола алатындар:

1) айыпталушыны, сотталғанды және басқа санаттағы іздестірілуші тұлғаларға іздеу жариялау туралы тергеушінің, анықтау органының, прокурордың және соттың қаулысы;

2) алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен;

3) алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми

жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен;
4) алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

Тұлғаға іздеу жариялау туралы сот қаулысы (ұйғарымы) қылмыстық іспен бір мезгілде сот арқылы оның заңды күшке енгенінен кейін бір жұмыс күні ішінде қадағалаушы прокурорға жолданады.

Қадағалаушы прокурор тұлғаға іздеу жариялау туралы сот қаулысын (ұйғарымын) іздеу жүргізу тапсырылған органға 3 тәулік ішінде, ал тұлғаға іздеу жариялау туралы прокурордың қаулысын - шығарылғанынан кейін бір жұмыс күні ішінде жолдайды.

Қадағалаушы прокурор іздестіру істерін бастау заңдылығына тексеруді прокуратураға түскен кезінен бастап 3 тәуліктің ішінде жүргізеді.

Ескерту. 84-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19 N 52, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

85. Тіркеу үшін тергеу немесе анықтау органдарынан жасырынған адамға қатысты іздестіру ісі ұсынылады, оған:

1) қылмыстық істі қозғау туралы қаулы;

2) айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы;

3) айыпталушыны іздестіруге байланысты қылмыстық іс бойынша өндірісті тоқтату туралы қаулы, егер ол шығарылған болса;

4) айыпталушыға қатысты іздестіруге жариялау туралы қаулы;

5) бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулы;

6) тексеру ескілігі кем дегенде бір ай болатын соттылықтың болуына (болмауына) талап;

7) төлқұжат, не болмаса жеке куәліктің көшірмесі, аталған құжаттар болмаған жағдайда, келесі құжаттар көшірмесі: шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ тұлғаның кәулігі, жүргізуші куәлігі, әскери билет, туу туралы куәлік (он алты жасқа толмаған адам үшін), Ф-1 өтініші, туу туралы актілік жазбалар жатады. Аталған құжаттар болмаған жағдайда, адамға іздеу жариялау туралы шешімді қабылдаған орган іздестіріліп жатқан адамның тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен жерін анықтау туралы анықтама құрастырылады, оған бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға қол қойып, орган мөрімен бекітіледі.

Сотталушыны (сотталған) іздеуге жариялау туралы сот қаулы (ұйғарым) шығарған жағдайда, жоғарыда аталған іс-әрекеттерді іздестіру бөлімшелері соттан және жазасын өтеуден жасырынған тұлғаға қатысты сәйкес іс жүргізу құжатын соттан алғаннан кейін жүзеге асырады. Тіркеу үшін іздестіру ісі ұсынылады, оған:

1) айыпталушыға қатысты іздеу жариялау туралы сот қаулысы;

2) төлқұжат, не болмаса жеке куәліктің көшірмесі, аталған құжаттар болмаған жағдайда, келесі құжаттар көшірмесі: шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ тұлғаның кәулігі, жүргізуші куәлігі, әскери билет, туу туралы куәлік (он алты жасқа толмаған адам үшін), Ф-1 өтініші, туу туралы актілік жазбалар жатады.

Осы көрсетілген процессуалдық құжаттардың біреуі жоқ болса, есепке алудан бас тартуға және іздестіру ісін қосымша рәсімдеуге қайтаруға негіз болады.

Іздеудегі тұлғалар туралы ақпаратты талап ету тәртібі осы Қағиданың 61-тармағымен реттеледі. Егер айыпталушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде жүр деген жорамал болса, ХАБ-не сұрау салу жолданады.

Ескерту. 85-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19 N 52, 2007.08.17 N 33, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

86. Тергеу, анықтау немесе сот органдарынан жазасын өтеуден жасырынған айыпталушыларды республикалық іздеуге жариялаған кезде жедел-іздеу қызметін жүзеге асыруға уәкілеттті органдардың іздеу бөлімшелері аумақтық органға іздестіру карточкасының 1 данасын және іздестірілуші үшін статистикалық карточканың 1 данасын жолдайды.

Тегі бойынша картотекаға іздестіру карточкасы берілмейді, іздестірілушінің статистикалық карточкасы аумақтық органның іздестіру есебінің картотекасына тапсырылады. Іздестіру карточкасының данасы мемлекетаралық іздестіруге жариялау туралы қаулымен қоса, МАБ одан әрі жіберу үшін Комитетке жолданады.

Комитет іздеудегі тұлғаға арналған іздестіру карточкасын мемлекетаралық іздеу жариялау туралы қаулымен бір мезгілде ХАБ жібереді.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19 N 52 Бұйрығымен, өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2007.08.17 N 33, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

87. Мемлекетаралық іздестіруге жариялау туралы қаулыны таңдалған бұлтартпау шарасына қатыссыз, 2 данада жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға уәкілетті орган құрастырады, аталған дананың бірі Комитеттің аумақтық органына есепке тиісті түзетулер енгізу үшін жолданады.

Комитеттің аумақтық органы мемлекетаралық іздеуге жариялау туралы қаулының түскен кезінен бастап 5 жұмыс күннің ішінде құжаттың дұрыс рәсімделуін, АЕА ААЖ енгізілген мәліметтерді тексеріп, тұлғаны мемлекетаралық іздеуге жариялау туралы есепке тиісті түзетулер енгізгеннен кейін, оны Комитетке іздестіру карточкасымен қоса жолдайды.

Комитет іздестіру карточкасы мен мемлекетаралық іздестіруге жариялау туралы қаулыны РФ ІІМ БАТО-ға жолдайды.

Белгіленген мерзімінен бұрын мемлекетаралық іздестіруге жарияланатын адамдар туралы мәліметтер қолданыстағы байланыс арналары бойынша жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын орталық орган арқылы РФ ІІМ БАТО-ға жолданады. Аталған адамдар санатына арналған есепке алу құжаттары аумақтық органға Ереженің 82-тармағында көзделген мерзімде есепке қою үшін ұсынылады.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

88. Есептік құжаттардың барлық нысандарын толтыру қылмыстық және іздестіру істері материалдары негізінде жазу машинкасы немесе дербес электронды есептеу машинасы арқылы жүзеге асырылады. Ерекше жағдайларда, құжаттарды толтыру қолмен көк немесе қара сиялармен анық, түзетулерсіз, өшірулерсіз және былғанышсыз жазылады. Бұл жағдайда тегі, аты, әкесінің аты баспа әріптерімен жазылады.

88-1. Есепке алу құжаттарындағы тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен туған жерін түзету төлқұжаты немесе жеке куәлігі көшірмелерінің негізінде Комитетпен, әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органмен жүзеге асырылады, көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда мынадай құжаттардың біреуінің көшірмесі: шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі, жүргізуші куәлігі, әскери билет, туу туралы куәлігі (он алты жасқа толмаған тұлғалар үшін), 1-нысанды өтініш, азаматтың туылуы туралы актілік жазбасы, көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда тегін, атын, әкесінің атын, іздестірудегі тұлғаның туған күнін және туған жерін белгілеу туралы анықтама құрылып, бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолымен расталып, оған тұлғаға іздеу жариялау туралы шешім қабылдаған органның мөрі басылады.

Ескерту: 88-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2007.08.17. N 33 Бұйрығымен.

89. Іздестіру кәртішкелерінде көзделген барлық деректемелер (N3-қосымша) толтырылуы тиіс.

Мемлекетаралық іздеу жариялау туралы қаулыларда төмендегідей мәліметтер міндетті түрде көрсетілуге жатады:

1. оның жасалған уақыты мен орны;
2. қаулыны кім жасаған;
3. қылмыстық істің нөмірі мен оның қозғалған күні;
4. іздестірілуші тұлғаның санаты;
5. іздестірілуші тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты;

6. оның туылған күні, айы, жылы мен жері;
7. ұлты;
8. азаматтығы;
9. жеке басын куәландыратын құжат: жеке куәлік немесе төлқұжат (серия, нөмірі);
10. аталған қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заң (бап, бөлік, тармақ);
11. іздеудің бастамашысы болып саналатын орган;
12. іздестіру ісінің нөмірі мен оның ашылу күні;
13. бас шарасын бұлтартпаудың түрі.

Республикалық және мемлекетаралық іздеуді қысқарту туралы қаулыларда келесі мәліметтер көрсетілуге тиіс:
1. оның жасалған уақыты мен орны;
2. қаулыны кім жасаған;
3. іздеу жариялау мен іздестіру ісін ашу күндері;
4. іздестіру ісінің нөмірі;
5. іздестірілуші тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты;
6. алынып тасталды;
7. алынып тасталды;
8. азаматтығы;
9. анықталды немесе ұсталды, күні, қай аумақта (республика, өлке, облыс, қала, аудан, елді мекен);
10. анықтаған немесе ұстаған орган;
11. іздеуді қысқартудың негізі;
12. бұлтартпау шарасы;
13. тұлғаны анықтау жөніндегі істің нөмірі;
14. тұлғаны анықтау жөніндегі істің ашылу күні.

Ескерту: 89-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

89-1. Осы Қағиданың 89-тармағымен қаралған мәліметтер болмаса, немесе көрсетілген мәліметтер есепке алынған мәліметтермен сәйкес келмесе, лауазымды тұлғалардың қолдары, басылған мөрлер болмаса, немесе мөр таңбасы толық басылмаса, ақпараттық есепке алу құжаттары есепке алынусыз тиісті ресімделуі үшін қайтарылады.

Басқа әрекет бойынша есепте тұрған ізделушіні есепке алу үшін ұсынылған ақпараттық есепке алу құжаттары бұрынғы іздеу бастамашысы туралы, іздеу ісінің нөмірі және жүргізілген күні туралы мәліметтерді хабарлаумен, іздеу істерінің материалдарын біріктіру және іздеу жүргізетін органды анықтау жөніндегі мәселені шешу үшін іздеу бастамашысына қайтарылуы тиіс.

Ескерту: 89-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

89-2. Ізделушімен аты-жөндерінің өзгертілуі жағдайында, іздеуді жүзеге асырушы орган оны әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органға анықталған күннен бастап 3 жұмыс күнінің ішінде хабарлайды, және осы Қағиданың 86-тармағымен қаралған тәртіпте іздеу кәртішкелерін ұсынады, сондай-ақ, егер ізделуші мемлекетаралық іздеуге жарияланған болса - ізделушінің кейінгі аты-жөндері бойынша есепке алынуы үшін осы Қағиданың 87-тармағымен қаралған тәртіпте мемлекетаралық іздеу жариялау туралы қаулылар ұсынылады. Есепке алу кезінде әрбір текке ізделушінің басқа тектері бойынша белгі қойылады.

Ескерту: 89-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19. N 52 , өзгерту енгізілді - 2007.08.17 N 33Бұйрықтарымен.

90. Аумақтық орган мемлекетаралық іздеу жариялау туралы қаулы келіп түскен соң, іздестірілуші тұлғаны міндетті түрде ататегілік есепке алу бойынша тексереді де, анықталған деректерді қаулының сыртында көрсетеді.

Бірнеше рет соттылығы бар тұлға жөнінде соңғы соттылығы туралы мәліметтер және одан босатылу негіздері мен күні көрсетіледі.

91. Аумақтық органда, оған әскери және көліктік аумақтық органды қоса, іздестіруді есептен алып тастауға іздестіруді қысқарту туралы қаулы негіз болады. Сол сияқты аумақтық органға, әскери және көліктік аумақтық органды қоса, қаулымен қатар растығын тексеру үшін іздестіруді қысқартуға негіз болған келесі құжаттардың бірі ұсынылады:

1) іздеудегі адамды ұстау хаттамасы немесе аумақтық тергеу изоляторы және арнайы медициналық мекеменің іздеудегі адамды орналастыру туралы хабарламасы;

2) қылмыстық істі қысқарту туралы қаулы;

3) іздеудегі адамға қатысты қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулы;

4) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының қылмыстық істің күні мен шығыс нөмірін көрсете отырып, ТМД қатысушы-мемлекеттердің біріне жолдауы туралы мәліметтер;

5) соттан жасырынған адамға қатысты іздестіруді тоқтату туралы сот қаулысы;

6) бас бостандығынан айыруға қатысты емес бұлтарпау шарасы таңдалған адамды анықтау туралы құжат;

7) шет мемлекетке соттың заңды күшіне енген үкімін одан әрі құптау және орындау үшін, күні мен шығыс нөмірін көрсете отырып, жолдау туралы мәліметтер.

Іздеуді тоқтату туралы қаулының оң жақ төменгі бұрышына іздеудің

қысқартылуының заңдылығы мен негізділігін растайтын қадағалаушы прокурордың (оның орынбасарының) елтаңбалық мөрі мен қол таңбасы, тегі, лауазымы көрсетіледі.

Іздеудің қысқартылуы туралы қаулының артқы бетінде әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық орган қызметкерімен 1.1 нысанды статистикалық кәртішкенің ұсынылу күні туралы жазба және бұрын тоқтатылған қылмыстық іс бойынша өндірістің жаңғыртылуы туралы белгі немесе 3.0 нысанды статистикалық кәртішкенің ұсынылу күні туралы белгі және ізделушінің ұсталғанына байланысты істің сотқа жолдануы туралы белгі, не болмаса ізделушіні тергеу абақтысына, арнайы дәрігерлік мекемеге қамауы туралы жазба көрсетіледі.

Тұтқындау және қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалған іздестірілушіні Қазақстан Республикасынан тыс жерде анықтаған, не болмаса ұстаған кезде іздестіруді жүзеге асыратын органның қызметкері аумақтық органға, әскери және көліктік аумақтық органды қоса, іздестіруді жүзеге асыратын аумақтық органның басшысы қол қойған және қадағалаушы прокурор келіскен іздестірілушіні Қазақстан Республикасынан тыс жерде анықтағаны, не болмаса ұстағаны туралы хабарламаны (Ережеге қоса берілген № 30-қосымша) жолдайды. Прокурор келісімді хабарламада елтаңбалы мөрмен бекітілген жазбаша бұрыштама түрінде береді.

Іздестірілушіні Қазақстан Республикасынан тыс жерде анықтағаны, не болмаса ұстағаны туралы хабарлама іздестіру ісін қысқартуға және есептен алуға негіз болып табылмайды.

Комитеттің аумақтық органының қызметкері аталған хабарламаны Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 31 қазандағы № 62 бұйрығымен бекітілген «Тіркелген қылмыстар және қылмыстық қудалау органдары қызметінің нәтижесі туралы» 1-М нысанды статистикалық есепті (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тіркелімінде № 2576 тіркелген) қалыптастырған кезде қолданылады.

Оған қатысты тұтқынға алу түрінде бұлтартпа шарасы таңдалған, және шет мемлекетте қамауға алынған іздеудегі адамның анықталуы немесе ұсталуы іздеу салуды тоқтатуға негіз болмайды.

Аталған адамдарға іздеу салу оларды Қазақстан Республикасына ұстап берген , не болмаса қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін шет мемлекетке қылмыстық істі берген жағдайда тоқтатылады.

Ескерту. 91-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19 N 52, 2007.08.17 N 33, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

91-1. Іздестіруді (республикалық, мемлекетаралық) қысқарту туралы қаулы түскен кезде, Комитеттің аумақтық органының қызметкері іздестіруді қысқарту туралы қаулының дұрыс рәсімделуін және есептен шығару негізділігін тексергеннен кейін, статистикалық карточкаға және АЕ ААЖ тиісті түзетулерді енгізеді.

Ескерту. 91-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2007.08.17 N 33 Бұйрығымен, жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

92. Мемлекетаралық іздестіру қысқартылған жағдайда, Комитеттің аумақтық органына 2 данада іздестіруді қысқарту туралы қаулы ұсынылады, оның 1 данасы Комитетке жолданады, оны тексеріп, есептерге тиісті өзгерістер енгізгеннен кейін МАБ-қа жолдайды.

Республикалық іздестіру қысқартылған жағдайда, Комитеттің аумақтық органына іздестіруді қысқарту туралы 1 данада қаулы ұсынылады.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

93. Тұлғаға халықаралық іздеу немесе халықаралық іздеудің қысқартылуы жарияланған жағдайда Қазақстан Республикасындағы Интерпол Бюросының Ұлттық Орталығы тиісті хабарламаны Комитет пен оның аумақтық органдарына (әскери және көліктік аумақтық органдарды қоса) есепке алу мәліметтеріне түзетулер енгізу үшін жолдайды.

Комитетке халықаралық іздеу салу тоқтатылғаны туралы хабарлама келіп түскен жағдайда, есептердің мәліметтерінде іздеу салудың халықаралық түрінен республикалық немесе мемлекетаралық түріне өзгергені туралы тиісті түзетулер жүргізіледі.

Ескерту: 93-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19. N 52 , 2007.08.17. N 33 Бұйрықтарымен.

94. Алынып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен.

95. Іздеуді басқа органға қайта тапсырған кезде, іздестіру ісін қысқартқан жағдайда, іздеуді қысқартқан орган қаулының сыртына осы туралы қылмыстық іс өндірісіндегі органға хабарлайды.

Іздестіру ісін қайта тапсыру туралы шешім қабылданған жағдайда, іздестіру ісі есебінен алынған Комитеттің аумақтық органы іздестіру ісі қайта тапсырылған Комитеттің тиісті аумақтық органына іздестіру ісін қайта тапсыру туралы хабарлама жолдайды.

Іздеу ісін қайта тапсыру туралы шешім қабылданғаннан кейін қылмыстық қудалау органы Комитетке, сондай-ақ әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органға ілеспе хаттардың көшірмелерін есепке

алуда тиісті түзетулер енгізу үшін жолдайды.

Ескерту. 95-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.19 N 52, 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

## 16-1-тарау. Қазақстан Республикасынан тыс жердедегі айыпталушыларды есепке алу

Ескерту. Қағида 16-1-тараумен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

95-1. Бұлтартпау шарасы «қамау» түрінде таңдалған айыпталушының Қазақстан Республикасынан тыс жерде болуына байланысты (ҚР ҚІЖК 50-бабы 5-тармағы) қылмыстық ісі толық немесе тиісті бөлімдер бойынша анықтаушы, тергеуші немесе соттың қаулысымен өндірісі тоқтатылған.

Аудандық және соған теңестірілген прокуратураға көшірілген Комитеттің аумақтық органы аталған есепті АЕ ААЖ базасында жүргізеді.

Қазақстан Республикасынан тыс жердегі айыпталушыларға қатысты есепке алу мәліметтері Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2005 жылғы 17 маусымдағы № 27 бұйрығымен бекітілген «Қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды, қылмыстық істерді, олардың тергелу және сотта қаралу нәтижелерін бірыңғай карточкалық есепке алу негізінде жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы (Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе)» (бұдан әрі – Нұсқаулық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тіркелімінде № 3704 тіркелген) 1.1, 2.0 нысанды статистикалық карточкалардың деректеріне сәйкес ҚР ҚІЖК 50-бабының 5-тармағымен тоқтатылған қылмыстық істер бойынша ББСЖ-ге жүктеледі.

Ақпараттық есепке алу құжаттары аталған санатқа құрастырылмайды және РФ ІІМ БАТО-ға есепке қойылмайды.

95-2. Комитеттің аумақтық органы толыққанды және шынайы есепке алу мақсатында ай сайын АЕА ААЖ деректерін ББСЖ мәліметтерімен салыстырып отырады.

Салыстыру нәтижелері 1 данада құрастырылатын актімен рәсімделіп, оған Комитеттің аумақтық органының бастығы қол қояды. Салыстыру актісі Комитеттің аумақтық органында сақталады.

95-3. Деректер базасына енгізілген статистикалық карточкалардың деректемелерін түзету қажет болған жағдайда, субъект қадағалаушы прокурор арқылы Нұсқаулықтың 22-тармағына сәйкес тиісті статистикалық карточкаларға өзгерістер туралы баянатты Комитеттің аумақтық органына жолдайды. ҚР ҚІЖК

50-бабының 5-тармағымен тоқтатылған қылмыстық істер бойынша статистикалық карточкаларға түзетулер енгізу қажет болған жағдайда, Комитеттің аумақтық органының қылмыстық статистика қызметкері тиісті түзетулерді енгізгеннен соң, баянат көшірмесін арнайы есепке алу бөліміне ұсынады.

ҚР ҚІЖК 50-бабының 5-тармағымен тоқтатылған қылмыстық істер бойынша ББСЖ ААЖ-не енгізілген түзетулер АЕА ААЖ-де автоматты түрде жаңартылып отырады.

95-4. Қазақстан Республикасынан тыс жердегі айыпталушы адам қылмыстық істің қысқартылуына, не болмаса соттың шешім шығаруына байланысты Комитеттің аумақтық органында есептеп шығарылады.

Қылмыстық істің жаңартылуы есептен алуға негіз болып табылмайды.

## 17-тарау. Хабар-ошарсыз кеткендерді, белгісіз азаматтар мәйітін есепке алу

96. Осы есепке алудың объектілері болып Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар саналады.

Есепке алуға жататындар:

1) белгісіз себептермен жоғалған адамдар, яғни олар жөнінде ішкі істер органдарына жоғалғандығы туралы мәлімдеме түскен, не болмаса азаматты хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы соттың заңды күшіне енген шешімі және тұрғылықты жері белгісіз адамдар;

| | 7. Ақталды: қылмыс оқиғасының болмауынан
| | (71); әрекетте қылмыс құрамының болмауынан
_______ жіберілді.| | (72); сотталушының кінәсі дәлелденбеуіне
| | байланысты (73).
Сот хатшысы | | 8. Эпизодтар бойынша шешім:
| | ___________________________________________
__________ (қолы) | | Қылмыстық ізге тү. | Қылмыстық істі
| | суді жүргізген тұл.| қараған судьямен
| | ғамен толтырылады | толтырылады
"__"________200_ж.| | ________________________________________
| | Қыл.|Негізгі және |Әрбір қылмыстық|ҚК-нің
| | мыс.|әрбір бірікті.|іс бойынша сот |бабы
| | тық |рілген қылмыс.|қарауының нәти.|бойынша
| | іс. |тық істер бо. |жесі, яғни не. |түпкі.
| | тер.|йынша ҚР |гізгі және бі. |лікті
| | дің |ҚК-нің баптары|ріктірілген |дәре.
| | рет.| |қылмыстық іс |желенуі
| | тік | |бойынша: сот. |
| | саны| |талды, ақталды,|
| | | |ҚК-нің басқа |
| | | |бабына қайта |
| | | |дәрежеленді |
| | ___________________________________________
| | N | 1 | 2 | 3 | 4
| | ___________________________________________
| | 1

| | ________________________________________________

| | 9. есепке алу үшін бабы

| | 10. есірткі қылмыстары үшін есепке алу бабы

_____________________________________________________________________

11. Іс бойынша түпкілікті жаза _____________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

_____________________________________________________________________

12. Соттың үкім (қаулы) шығарған күні "_____"____________ 200___г.

13. Сот қаулысының заңды күшіне енген күні "_____"_______200___г.

14. Үкім (қаулы) шығарған судья

______________________________________________________________________

Судьяның коды /_/_/_/_/_/_/_/_/_/_/_/_/

15. Анықтаманың Комитеттің аумақтық органына түскен күні "__"_______200___ж.

Ескертпе: Анықтама заңды күшіне енген үкім бойынша толтырылды, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеттің аумақтық органына 3 тәулік ішінде тапсырылады. Анықтама жазу машинкасында немесе қолмен айқын жазылып, толтырылады. Қолмен толтырылған кезде тегі, аты, әкесінің аты баспа әріптерімен жазылады. Анықтаманың түбіршегі қылмыстық істе қалады. 1-2-дерек. темелер қылмыстық ізге түсу органымен, 3-4-қылмыстық істі қараған судьямен толтырылады. 8-деректемеде қылмыстық істің әрбір эпизоды бойынша қабылданған шешімге кесте көзделген. Кестенің сол жағын қылмыстық ізге түсуді жүргізген орган толтырады. 1-бағанда сотқа дейінгі өндірісте негізгі және барлық біріктірілген қылмыстық істердің нөмірлері, 2-бағанда сотқа жолданған қылмыстық іс бойынша қылмыстың дәрежеленуі толтырылады. Оң жағы қылмыстық істі қараған судьямен толтырылады. 3-бағанда соттың үкімінің (қаулысының) негізінде әрбір эпизод бойынша тағылған айыптың шешімі және Қылмыстық кодексінің бабын көрсетумен толтырылады. 4-бағанда қылмыстық іс бойынша Қылмыстық кодексінің түпкілікті дәрежеленуі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың

жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасына" N 8 Қосымша

**Талап**

"___" _____________200_ ж.
N ______________________

___________________________________________________
(талап жолданған органның атауы)

1. Тегі __/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/
2. Аты __/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/
3. Әкесінің аты __/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/
4. Туылған күні /__/__/ /__/__/ /__/__/__/__/
күні айы жыл
5. Туылған жері /__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/
облыс
__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/__/
қала, аудан елді мекен

Сауалнамалық деректер енгізілді: сөзі бойынша, жеке басын куәландыратын құжаттан (қажетсізі сызылады)

6. Мекен-жайы: ____________________________________
7. Не себепті тексеру жүргізілді ________________________
8. Қандай анықтама керек ____________________________

Орындаушы: ______________________________________
(қызметі, тегі)

Тексеруге рұқсат етемін: _____________________________
(қолы, тегі)

Жіберушінің мекен-жайы: _____________________________
(индекс, елді-мекен, аудан, облыс)

___________________________________________________

___________________________________________________

Орган ____________________________________________

Есте болсын! Тексерілетін тұлғаның анкеталық деректерін бұрмалау дұрыс емес мәліметтер беруге соқтырады. Тазартып, түзетуге жол берілмейді. Талаптың барлық деректемелері міндетті түрде толтырылады.

(Мөлшері 150 х 210)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына" N 9 Қосымша

## Мемлекетаралық ақпарат банкісіне ұсынуға жататын есептік құжаттардың Тізбесі

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

Мемлекетаралық ақпарат банкіне Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің төменде көрсетілген баптарындағы көзделген қылмыстарды жасағаны үшін сотталған Қазақстан Республикасының азаматтары жөніндегі есептік-тіркеу құжаттары жолдануға жатады:

1. 96-баптың 2-бөлігі (жауаптылықты ауырлататын жағдайда қасақана кісі өлтіру);
2. 103-баптың 3-бөлігі (денсаулыққа кісі өліміне әкеп соққан қасақана ауыр зиян келтіру);
3. 120-баптың 2, 3-бөліктері (әйелді зорлау);
4. 121-баптың 2-бөлігі (нәсіпқорлық сипатындағы күш қолдану);
5. 125-бап (адамды ұрлау);
6. 128-бап (адамды саудаға салу)
7. 164-бап (әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру);
8. 177-баптың 3-бөлігі (алаяқтық);
9. 178-баптың 3-бөлігі (тонау);
10. 179-бап (қарақшылық) 2, 3;
11. 180-бап (ерекше құнды заттарды ұрлау);
12. 181-баптың 3-бөлігі (қорқытып алушылық);
13. 206-бап (жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату)
14. 207-бап (жалған төлем карточкалары мен өзге төлем және есеп айырысу құжаттарын жасау немесе сату)
15. 233-бап (терроризм);
16. 233-2-бап (террористік топ құру, оған басшылық ету және оны қызметіне

қатысу)

17. 233-3-бап (экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру)

18. 234-бап (адамды кепілге алу);

19. 235-баптың (ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйымды) құру және оны басқару, қылмыстық қоғамдастыққа қатысу);

20. 237-бап (бандитизм);

21. 241-бап (жаппай тәртіпсіздік);

22. 250-бап (айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы);

23. 251-баптың 2, 3-бөліктері (қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру);

24. 255-бап (қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу);

25. 259-баптың 2, 3, 4-бөліктері (есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату);

26. 273-бап (порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз тарату)

27. 330-бап (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан әдейі заңсыз өту)

28. 330-2-бап (заңсыз көші-қонды ұйымдастыру)

29. 13-бап 3-бөлігі (қылмыстардың қайталануыдың аса қауіптілігі)

30. Қазақстан Республикасының аумағында сотталған және айыпталушылар ретінде қылмыстық жауаптылыққа тартылған шетел азаматтары мен азаматтылығы жоқ тұлғалар бап біліктілігіне байланыссыз ХАБ орталықтандырылған есебіне міндетті түрде алынулары тиіс.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына" N 10 Қосымша

**Тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекаларда есептік құжаттарды сақтау мерзімдерінің**
**Тізбесі**

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеттің тегі бойынша (әліпбилік) және дактилоскопиялық картотекаларында (деректер банктерінде) есептік құжаттар (машиналарда жинақталған мәліметтер), соттылықтың жойылу немесе алыну мерзімдеріне қарамастан сақталады. Орналасқан және алынған есептік кәртішкелердің саны туралы мәліметтер картотекалардың төлқұжаттарында көрініс табады.

Тегі бойынша (әліпбилік) картатекадан сақталу мерзімі аяқталуына байланысты алынып тасталған, әліпбилік есеп кәртішкелер мәліметтерін « Арнайы есептер» автоматтандырылған ақпараттық жүйеден алуға жатады.

1. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған тұлғалардың әліпбилік есептік кәртішкелері тегі бойынша картотекаларда ұдайы сақталады.

2. Бас бостандығынан айыруға сотталған және жазасын қылмыстық атқару жүйесінің мекемелерінде өтеген тұлғалардың әліпбилік есептік кәртішкелері сот тағайындаған жаза мерзімі өткен соң (сот үкімі шыққан күннен бастап) сақталады:

30 жыл - 12 жылдан асатын мерзімге сотталғандар және өлім жазасы жөнінде;

25 жыл - 5 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге сотталғандар жөнінде;

20 жыл - 2 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге сотталған жөнінде;

15 жыл - 2 жылға дейінгі мерзімге сотталғандар жөнінде;

30 жыл - бас бостандығынан айыруға екі және одан көп мәрте сотталғандар жөнінде, соттың соңғы үкімі бойынша сот тағайындаған мерзім өткеннен кейін.

3. Сот медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданған тұлғалардың әліпбилік есептік кәртішкелері олар 70 жасқа жеткенше, бірақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы тағайындалғаннан кейін кемінде 15 жыл сақталады.

4. Бас бостандығынан айыруға Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің (ары қарай - Қаз.ССР ҚК) 23-2-бабы қолданып шартты түрде, сынақ мерзімімен шартты түрде (Қаз. ССР ҚК-нің 40-бабы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (ары қарай - ҚР ҚК) 63-бабы), үкімнің орындалуы кейінге қалдырылып, шартты түрде (Қаз.ССР ҚК-нің 41-1-бабы), жазаны өтеу кейінге қалдырылып, шартты түрде ( ҚР ҚК-нің 72-бабы) сотталған тұлғалардың әліпбилік есептік кәртішкелері тиісінше жаза мерзімі өтелгеннен, сынақ мерзімі, үкімнің орындалуын кейінге

қалдыру мерзімі, жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімі өткеннен кейін 3 жыл бойы сақталады.

Шартты түрде соттау үкімі бұзылып, тұлға жазасын өтеу үшін түзету мекемелеріне жіберілген жағдайда әліпбилік есептік кәртішкелер осы Тізбенің 2-тармағында белгіленген есептік мерзімге сәйкес сақталады.

5. Айыппұлға, белгілі бір қызмет атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тартуға, әскери қызмет бойынша шектеуге, бостандығын шектеуге, тұтқындауға, тәртіптік әскери бөлімде ұстауға сотталған тұлғалардың әліпбилік есептік кәртішкелері жазасын өтегеннен немесе процессуалдық шешім қабылданғаннан кейін 3 жыл сақталады.

6. Екі немесе одан да көп мәрте бас бостандығын айыруға Қаз.ССР ҚК-нің 23-2-бабы қолданып шартты түрде, сынақ мерзімімен шартты түрде (Қаз.ССР ҚК-нің 40-бабы, ҚР ҚК-нің 63-бабы), үкімнің орындалуы өтеу кейінге қалдырылып, шартты түрде (ҚР ҚК-нің 72-бабы), айыппұлға, белгілі бір қызмет атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тартуға, әскери қызмет бойынша шектеуге, бостандығын шектеуге, тұтқындауға, тәртіптік әскери бөлімде ұстауға сотталған тұлғалардың әліпбилік есептік кәртішкесінде көрсетілген соттылықтардың біреуі үшін осы Тізбенің 4, 5-тармақтарында белгіленген ең көп мерзім бойынша, бірақ тиісінше соттың соңғы үкімі бойынша жаза мерзімі өтелгеннен кейін, соттың соңғы үкімі бойынша сынақ мерзімі, соттың соңғы үкімін орындауды кейінге қалдыру мерзімі, соттың соңғы үкімі бойынша жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімі өткеннен кейін кемінде 3 жыл сақталады.

7. Бас бостандығын айыруға Қаз.ССР ҚК-нің 23-2-бабы қолданып шартты түрде, сынақ мерзімімен шартты түрде (Қаз. ССР ҚК-нің 40-бабы, ҚР ҚК-нің 63-бабы), үкімнің орындалуы кейінге қалдырылып, шартты түрде (Қаз.ССР ҚК-нің 41-1-бабы), жазаны өтеу кейінге қалдырылып, шартты түрде (ҚР ҚК-нің 72-бабы ), айыппұлға, белгілі бір қызмет атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тартуға, әскери қызмет бойынша шектеуге, бостандығын шектеуге, тұтқындауға, тәртіптік әскери бөлімде ұстауға сотталған тұлғалардың әліпбилік есептік кәртішкелері, егер ол тұлғалар бұрын немесе кейін бас бостандығынан айыруға сотталған болса , бас бостандығын айыруға сотталғандығы туралы деректер осы Тізбенің 2-тармағына сәйкес сақтау мерзімі өткенше, бірақ 4, 5-тармақтарында көрсетілгеннен кем емес мерзімде сақталады.

8. Қолданылған бұлтартпау шарасына байланыссыз, айыпталушы ретінде тартылған, қылмыстық істі сот рақымшылық актісі негізінде немесе ол оның өліміне байланысты қысқартылған тұлғалардың әліпбилік есептік кәртішкелері

қылмыстық істі қысқарту туралы тиісті процессуалдық шешім шыққаннан кейін 10 жыл сақталады.

9. Сот ақтаған, сондай-ақ өздері жөнінде қылмыстық іс ақтаушы негіздерде, сондай-ақ маңыздылығы аз болғандықтан қысқарған істер бойынша тұлғалардың әліпбилік есептік кәртішкелері, басқа соттылықтарға қарамастан тиісті процессуалдық шешім алынған бойда тегі бойынша картотекадан алынады.

Өздері жөнінде қылмыстық іс басқа негіздер бойынша қысқарған тұлғалардың әліпбилік есептік кәртішкелері қылмыстық істі қысқарту туралы процессуалдық шешім шыққан күннен бастап 3 жыл сақталады.

10. Мұрағаттық шифры бар әліпбилік есептік кәртішкелері тиісті қылмыстық істі жою туралы құжаттар тапсырылған бойда картотекалардан алынады.

10-1. Қылмыстық заңнаманың ізгілендірілуіне байланысты декриминализацияланған баптар бойынша сотталған, жазасын өтеп, бірақ соттылығы өтелмеген адамдарға әліпбилік карточкалары айыптау үкімін шығарған күннен бастап 3 жыл сақталады.

11. Қылмыстық істері бойынша қабылданған шаралармен процессуалдық шешім туралы мәліметтер алу мүмкін болмаған тұлғаларды әліпбилік есептік кәртішкесі осы тізбеге сәйкес сақталады, бұл ретте тұлға ҚР ҚК-нің қылмыстық жауапқа тартылған бабында көзделген жазаның ең көп мерзімі алынады.

12. Басқа облыстың (мемлекеттің) тергеу (анықтама) органының немесе сотының тапсырмасы бойынша бұлтартпау шарасы түрінде тұтқынға алу қолданылған тұлғалардың әліпбилік есептік кәртішкелері, бұлтартпау шарасы қолданылған күннен бастап 2 жыл сақталады.

13. Республикалық, мемлекетаралық және халықаралық іздеу жарияланған тұлғалардың іздестіру есептік кәртішкелері картотекаларға жергілікті немесе мемлекетаралық, халықаралық іздеуді қысқарту туралы қаулылар келіп түскенше сақталады.

Ұлттық қауіпсіздік органдары (бұрынғы КСРО МҚК) есепке алуда қалдырып, іздеуді қысқартқан тұлғалардың іздестіру есептік кәртішкелері олар 70 жасқа келгенше сақталады.

14. Ережеге осы өзгерістер мен толықтыруларды енгізгенге дейін Комитет және оның аумақтық органдарына есепке қою үшін ұсынылған тұрғылықты жері немесе жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ ұсталғандардың әліпбилік есепке алу карточкалары соттылығының болуына қарамастан, ұсталған күнінен бастап 2 жыл өткен соң, алынып тасталады.

15. Дактилоскопиялық карталар, әліпбилік есептік кәртішкелердің сақтау мерзімдеріне қарамастан, криминалистік есепте тұрған тұлға 70 жасқа келгенше, бірақ соңғы қылмыстық іс бойынша қамалған күннен бастап кемінде 15 жыл сақталады.

16. Түзету мекемесінде өлген, айыпталушы ретінде тартылған, сотқа дейінгі өндіріс кезеңінде өзі жөнінде қылмыстық істі сот өліміне байланысты қысқартқан тұлғалардың дактилоскопиялық карталары тиісті құжаттар келіп түскен бойда алынады.

17. Өлім жазасына сотталғандардың дактилоскопиялық карталары үкімнің орындалғаны туралы хабар алынған бойда алынады.

18. Танылмаған мәйіттің дактилоскопиялық карталары жеке басы анықталғаннан кейін аумақтық органның дактилоскопиялық есебінен алынып тасталынады. Алынған дактилоскопиялық карталардың, тану хаттамаларының көшірмелері Комитетке жіберіледі.

18-1. 15-тармақта көсетілген 95 жас шамасына жетуге байланысты АДАЖ жоюға жататын, 16, 17-тармақтарында көрсетілген дактилоскопиялық карталарды картатекалық массивтен алыптастаудан кейін, 18-тармақта көрсетілген дактилоскопиялық карталарды картатекалық массивтен алыптастаудан кейін бір жыл ішіндегі тұлғаларға қатысты мәліметтер.

19. Шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың есептік құжаттары жалпы тәртіп бойынша сақталады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына" N 11 Қосымша

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

Нысан

"___" _____________ 200__ ж.

№ ________________ №___ дана

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитететінің ________________________________ басқармасының бастығына

(облысы, қаласы бойынша)

**"____ "- нен "____" ____________ 200__ жыл аралығындағы тергеу абақтысындағы, түзеу мекемелеріндегі тұлғалардыңқозғалысы туралы мәлімет**

| Р/с | | Тұлғалардың саны | Құжаттардың аттары | | | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Әліпбилік есептік кәртішкесі | Дактилоскопиялық карталар | Хабарламалар | |
| 1. Есептік кезеңде келді<br>2. Есептік кезеңде кетті, оның ішінде:<br>а) босатылғаны;<br>б) басқа қамау орнына жіберілгені;<br>в) қашып кеткені;<br>г) өлгені; | | | | | | |

Қосымша: әліпбилік есептік кәртішкесі _______________, дактилоскопиялық карта __________, хабарламалар ________________

Тергеу абақтысының, түзеу мекемесінің бастығы _______________________________

(қолы, тегі)

Арнайы бөлімшенің (арнайы бөлімнің) бастығы _____________________

(қолы, тегі)

ББСЖ 2.1 нысанды кәртішкесін аумақтық басқармаларға келіп түскен күні "___" ______________ 200__ ж.

Комитеттің аумақтық басқарманың қызметкері _________________________

(тегі, қолы)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына" N 12 Қосымша
N____ дана

**"____"__________, "____"______________ 200_ жыл аралығында тергеу абақтысына, түзету мекемесіне келіп түскен тұлғалардың Бақылау тізімі**

_______________________________________________________________
Реттік|Тегі, аты, әкесінің аты|Туылған жылы|Қамалған күні|Ескертпе
N N | | | |

_______________________________________________________________
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________

___________________________________________________
__________________бастығы _________________________
(қолы, тегі)

Ескертпе: Тізімге қамауға алынған, есептік кезеңде жазасын өтеу үшін келгендердің барлығы (транзитпен өтетіндерден басқалар) кіреді.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына" N 13 Қосымша

Ескерту. 13-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

Нысан

"___"___________200__ж.

№_____________________ РФ ІІМ-нің Бас ақпарат орталығының Криминалдық ақпарат орталығының бастығына

________________________________

Мәскеу қ.

Қазақстан Республикасы ӘМ-нің арнаулы мекемелерінде қылмыстық тіркеуден өткен сотталғандардың есеп-тіркеу құжаттары жолданады:

дактилоскопиялық карталар - ________________________________;
есептік кәртішкелері - ________________________________________;
хабарламалар - ______________________________________________;
бақылау тізімі - ___________________________________ парақ.

Өлгендің есептік кәртішкелері- __________, өлгендер туралы хабарлама - ______

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетті басқармасының бастығы -

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу
жөніндегі комитеттің төрағасы ____________________________
(қолы, тегі)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына" N 14 Қосымша

Жіберушінің пошта индексі
және мекен-жайы
__________________________
__________________________
"___" _______ 200__ жыл.

**Белгілі тұрағы немесе жеке басын анықтайтын құжаттары жоқ тұлғаларға**
**Талап**

_______________________________________________________________
(талап жолданған органның атауы)

1. Тегі _____________________________________________________
2. Аты ______________________________________________________
3. Әкесінің аты _______________________________________________
4. "____ " _______________ 19___ жылы туылған.
5. Туылған жері _______________________________________________
(ауыл, аудан, қала
__________________________________________________________________
облыс, өлке, ел)
6. "___ " __________ 200___ жылы ұсталған.
7. Анкеталық мәліметтері ___________________________________
(айтуы бойынша,
___________________________________________________ жазылды.
құжаттың түрі мен деректемесі)

___________________________________________
(талапты жіберген органның атауы)

___________________________________________
(тегі, қолы)

Орындаушы ______________________________________
(тегі, қолы)

М.О.

Талап жазу машинкасымен немесе қолмен сиямен анық жазылып, толтырылады. Қолмен толтырғанда тегі, аты, әкесінің аты, жіберушінің мекен-жайы баспа әріптерімен жазылады.

(Мөлшері 150х210)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына" N 15 Қосымша

## Қылмыс жасаған, белгілі тұрағы немесе жеке басын анықтайтын құжаттары жоқ тұлғалар жөніндегі есептік құжаттарды рәсімдеу Ережесі

Ескерту. 15-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.07.12 N 60 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

## Әліпбилік есептік кәртішкесі
## (Ережеге № 1-қосымша)

Әліпбилік есептік кәртішкесінде қылмыстық істің нөмері міндетті түрде көрсетілуге жатады. Қамауға алудан басқа бұлтартпау шарасы қолданылған жағдайда, "қамауға алынды" деген сөздің үстіне таңдалған бұлтартпау шарасы және оны қолдану туралы қаулының шығарылған күні көрсетіледі.

Есептік кәртішкенің 1-5 тармақтарында қаралған деректемелер тұлғаны қамауға алуға немесе айыпталушы ретінде жауапқа тартуға негіз болған құжаттардан толтырылады. Айыпталушының (сотталғанның) әкесіні аты болмаса, 3-тармақта "жоқ" деп жазылады.

Егер бұл құжаттарда әртүрлі деректер болса немесе есепке алынатын тұлғада бірнеше тегі, аты, әкесінің аты болса, онда істер (материалдар) өндірісіндегі тергеуші (анықтаушы), тергеу абақтысының әкімшілігі сол қамаудағы

тұлғалардың шын анкеталық деректерін анықтау үшін дереу шара қолданады.

Сот үкімдеріне қайшы деректер табылса, есептік құжаттар жүргізетін мекеменің әкімшілігі, тиісті мәліметтерді айқындау жөнінде үкім шығарған сотқа сұраным жібереді.

Қос тегі, аты, әкесінің аты бар тұлғаларға екі әліпбилік есептік кәртішкесі жүргізіледі, оларда кіріс тектер орын ауыстырып тұрады. Мысалы: өзін Петров-Денисов деп атаған тұлғаның бір есептік кәртішкесінде Петров-Денисов, екіншісінде - Денисов-Петров деп көрсетіледі.

Қосарланған аты, әкесінің аты жайындағы деректердің заңдылығы күдік тудырған жағдайда, әліпбилік есептік кәртішкелер осы тәртіпте жүргізіледі, шын сауалнамалық мәліметтер алуға дереу шара қолданылады.

Егер қамаудағы (айыпталушы) белгіленген тәртіпте иеленбеген бірнеше тектерді, аттарды, әкесінің аттарын, оның ішінде бұрын сотты болғандарын атаса , әліпбилік есептік кәртішкесі жеке басты анықтау туралы құжаттың негізінде бір шынайы (тектік) тегі бойынша толтырылады. Басқа ойдан шығарылған тегі, аты, әкесінің аты бойынша әліпбилік есептік кәртішкесі толтырылмайды.

Тегі дефис арқылы, мысалы - "Юн-Хао-Шин", "Ли-Фун" деп жазылатын тұлғаларға, тегі жеке басты куәландыратын құжатқа, сот үкіміне немесе есептік құжатты ресімдеу үшін негіз болған басқа процессуалдық актіге сәйкес жазылып, бір әліпбилік есептік кәртішкесі толтырылады.

Тұлғаны қылмыстық жауапқа тартуға негіз болған процессуалдық актіде сауалнамалық деректер қазақ тілінде көрсетілген жағдайда, әліпбилік есептік кәртішкесіндегі атындағы, тегіндегі, әкесіні атындағы қазақ әліппесінің әріптерін мына тәртіпте көрсету керек: Ә-А; Ғ-Г; Қ-К; Ө-О; Ұ,Ү-У; Ң-Н; І-Й;

5-тармақта "облыс (қала), шет ел азаматтары жайында қосымша "ел" көрсетіледі.

Қалада тұратын тұлғалар жөнінде есептік кәртішкесінің 6-тармағында қаланың, көшенің аты, үйдің және пәтердің нөмірі көрсетіледі. Мерзімді қызметтегі әскери қызметкерлердің есептік кәртішкесінің 6-7 тармақтарында туылған жері және әскери қызметке шақырылғанға дейінгі жұмыс орны көрсетіледі.

Қылмыстық атқару жүйесі басқармасында жазасын өтеп жүрген кезде қылмыстық жауапқа тартылған тұлғаларға әліпбилік есептік кәртішкесінің 6-тармағында оның сотталғанға дейінгі тұрғылықты мекен-жайы, ал 7-тармағында "сотталған" деп жазылып, қылмыстық атқару жүйесі басқармасының, қоныс-колониясының және сол сияқты орналасқан орыны көрсетіледі. Бұл ретте, жазасын қылмыстық атқару жүйесі басқармасында өтеуші тұлғаларға есептік кәртішкесінің 2-тармағында "сотталған" деген жазу болуы тиіс.

Қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған жағдайда, әліпбилік

есептік кәртішкенің 11-тармағында бұлтартпау шарасын қолдану туралы процессуалдық шешімнің шыққан күні көрсетіледі.

Айыпталушы ретінде жауапқа тартылып, қамаудан өзгеше бұлтартпау шарасы қолданылған тұлғалар жөнінде, 11-тармақта оны айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы шығарылған күн көрсетіледі.

Әліпбилік есептік кәртішкелерде ұсталған (қамауға алынған) тұлғаның оң қолының сұқ саусағының іздері міндетті түрде алынады, ал ол саусақ болмаса немесе онда ақау болса, кез келген келесі саусақтың ізі алынып, ол жайында төменгі жағына жазылады. Саусақ іздерінің көшірмесін желімдеп жапсыруға тыйым салынады.

Әскери сот соттаған тұлғалардың әліпбилік есептік кәртішкелерінде аумағында сол тұлға сотталған облыстың аты көрсетіледі.

Сотталғандық туралы деректер есептік кәртішкеде қатаң сот үкіміне дәл сәйкестікпен толтырылады. Егер қылмыстық іс бойынша, Қылмыстық Кодекстің ерекше бөлімінің әртүрлі баптарында көзделген екі немесе одан да көп қылмыстар үшін сотталса, есептік кәртішкеде айыптаудың барлық баптары және Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің (ары қарай - ҚР ҚК) 58-бабына сілтеме жасалып, қылмыстар жиынтығы бойынша ақтық жаза көрсетіледі.

Мысалы, азамат "Н" 1998 жылғы 27 қаңтарда Алматы қаласы Алмалы ауданы сотының үкімімен ҚР ҚК-нің 257-бабының 2-бөлігі бойынша 3 жыл бас бостандығынан айыруға, ҚР ҚК-нің 321-бабының 2-бөлігі бойынша 4 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған және қылмыстардың жиынтығы бойынша 4 жылға бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалған болса, есептік кәртішкесінде мынадай жазу болады: "Алматы қаласы Алмалы ауданының соты ҚР ҚК-нің 257-бабының 2-бөлігі, 321-бабының 2-бөлігі бойынша соттап, ҚР ҚК-нің 58-бабын қолданып, 4 жылға бас бостандығынан айырған".

Сот әрбір қылмыстық іс бойынша бөлек үкім шығарғанда, есептік құжаттар тұлға жасағаны үшін сотталған әрбір қылмысқа жүргізіледі.

Екінші қылмыс бойынша толтырылған есептік кәртішке және дактилоскопиялық картада, кәртішкенің 11-тармағында "қамауға алынған" дегеннің орнына ол тұлғаның екінші іс бойынша жауапқа тартылғандығы туралы деректер, оны айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы шығарылған күн көрсетілуі тиіс, "кім қамауға алды" деген деректемеде оны жауапқа тарту туралы шешім қабылдаған органның атауы, ал 12-тармағында - жасалған қылмыстың түрі көрсетілуі тиіс. Бұл жағдайда есептік кәртішкенің сыртқы бетінде соңғы үкім бойынша жаза мерзімі және басқа үкім бойынша жаза мерзімі ішінара немесе толықтай қосылған жалпы мерзім бөлек көрсетіледі.

Егер тұлға бір үкім бойынша жазасын өтеп болғанша екінші қылмыс жасаса, жаңа есептік материалдар жинақталады. Бұл ретте кәртішкенің сыртқы бетінде

соңғы үкім бойынша сотталғандығы туралы деректер көрсетіледі және ҚР ҚК-нің 60-бабына сілтеме жасап, алдыңғы үкім бойынша өтелмеген мерзімнің қосылғаны (сіңірілгені) ескеріліп, жазаның жалпы мерзімі көрсетіледі. Мына деректер міндетті түрде көрсетілуге жатады: есепке алуға жататын тұлғаның бұрын қай сотпен, қашан, қай бап бойынша, қандай мерзімге сотталғаны.

Мысалы: "Алматы қаласы Медеу ауданының сотымен 1998 жылғы 29 қаңтарда ҚР ҚК-нің 175-бабының 2-бөлігі бойынша 2 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. ҚР ҚК-нің 60-бабына сәйкес Павлодар қаласы Индустриалдық ауданы сотының 1998 жылғы 10 қаңтардағы үкімімен ҚР ҚК-нің 177-бабының 1-бөлігі бойынша 2 жылға бас бостандығынан айыруға тағайындалған жазаның өтелмеген бөлігі - 2 жылға бас бостандығынан айыру қосылған. Барлығы 4 жылға бас бостандығынан айыру белгіленген, немесе " Алматы қаласы Медеу ауданы сотының 1998 жылғы 28 қаңтардағы үкімімен 2 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған ҚР ҚК-нің 58-бабының негізінде бұл үкім Қарағанды облыстық сотының 1998 жылғы 10 қаңтардағы ҚР ҚК-нің 3-бабының 1-бөлігі бойынша 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаған үкімімен сіңірілген. Барлығы 3 жылға бас бостандығынан айыру белгіленген".

Қылмыстық жауапқа тартылған бап тергеу немесе анықтау барысында өзгерсе, онда әліпбилік есептік кәртішкенің сыртқы бетінде сотталғандығы туралы мәліметтерді толтырар кезде, тұлғаның ҚК-нің сараланған бабы бойынша сотталған қылмыс түрі көрсетіледі.

Мысалы: "ҚР ҚК-нің 96-бабы (қасақана кісі өлтіру) бойынша қамауға алынған, ҚР ҚК-нің 98-бабы (жан күйзелісінен жасалған кісі өлтіру) бойынша сотталған".

Заңды күшіне енбеген үкім бұзылса, сотталғандық туралы мәлімет соңғы сот үкімі бойынша көрсетіледі.

Сотталғандық туралы мәліметтер енгізілгеннен соң, үкімнің заңды күшіне енген күні, сондай-ақ жаза мерзімін есептеу басталған күні, егер ол сот үкімінде көрсетілген болса, міндетті түрде көрсетіледі.

Төменгі шектен төмен жаза немесе сол қылмыс үшін заңда белгіленгеннен жұмсақтау жаза тағайындалғанда, әліпбилік есептік кәртішкеде міндетті түрде Қылмыстық Кодекстің тиісті бабына сілтеме жасалынады.

## Дактилоскопиялық карта
## (Ережеге № 4, № 4а - қосымшалар)

Дактилоскопиялық картада қамауда отырған орынның немесе дактилоскопия жасаған органның атауы, ол жасалған күн, оны жасаған қызметкердің тегі

міндетті түрде көрсетіліп, көзделген барлық жолақтар толтырылады.

Қол саусақтарының іздері тырнақтың бір шетінен екінші шетіне дейін толық түсіріледі, папиллярлық сызықтар жай көзге анық көрінетіндей айқын бейнеленеді. Дактилоскопия жасалатын тұлғаның қолы немесе саусақтары жоқ болса, дактилокартаның тиісті шаршысында қолын немесе саусақтарын жоғалтқан күн көрсетіліп, тиісті белгі жасалынады. Саусақ іздерінің дактилокартада дұрыс орналасқанын тексеру үшін оң және сол қол саусақтарының бақылау іздері алынады.

Қол терісінің ауруға шалдыққаны салдарынан папилляр сызықтарын анық және дәл түсіріп алу мүмкін болмаса, тергеу абақтысы ол саусақ арды емдеуге тиіс. Егер саусақтар емге көнбесе, тергеу абақтысының дәрігері дактилокартаның сыртқы бетінде анықтама береді.

Дактилокартаның бет жағында, бақылау іздерден төменде дактилоскопия жасалған тұлға қол қояды.

Дактилоскопия жасалған тұлғада жарақат, зақым, тыртық және басқа ерекшеліктер болса, ол жайындағы деректер дактилокартаның сыртқы бетінде " Дене кемістігі" бағанында көрсетіледі. Кім екендігі анық алмаған мылқау-кереңге, сондай-ақ кең таралған тегі болса да, әкесіні аты жоқ тұлғаларға "Қосымша мәліметтер" тарауында олардың сотталғандығы туралы деректер жазылады. Барлық кейінгі өзгерістер (үкімнің өзгергені, ондай тұлғаның ауыстырылғаны, босатылғаны және т.б.) есептік көрініс табады.

Дактилоскопиялық карталар мен әліпбилік есептік кәртішкелер адресатқа конверттер тігілмей ашық түрде жіберіледі.

## Сотталған (қамауға алынған) туралы хабарлау қағазы (Ережеге № 5-қосымша)

Сауалнамалық деректер, қамалғаны және сотталғаны туралы мәліметтер қамалуына (жазаны өтеуіне) негіз болған құжаттарға сәйкес толтырылады. Қандай да алшақтық байқалса, оларды анықтау үшін жедел шара қолданылады.

Әкесінің аты болмаса 3-тармақта "жоқ" деп жазылады. Хабарлау қағазының 7 бағанында хаттама бойынша ұсталған күні көрсетіледі.

Әскери сот соттағандарға 8-тармақта сол тұлға аумағында сотталған облыстың, мемлекеттің аты көрсетіледі. Қылмыстардың, үкімдердің жиынтығы бойынша немесе заңда көзделгеннен жұмсақтау жаза тағайындалғанда, сол тармақта ҚР ҚК-нің 55, 58, 60-баптарына сілтеме жасалынады.

Қайтыс болған сотталғандарға және тектері кең таралғандар мен әкесінің аты жоқ тұлғаларға хабарлама қағазының бет жағында дактилоскопиялық формула қойылады. Хабарламаның 11-тармағында тергеу абақтысынан түзеу мекемесіне

айдауылмен әкетілген күні, апарылатын мекеменің аты мен орналасқан жері көрсетіледі.

12-тармақта сотталғандарды түзеу мекемесінен босатудың, сондай-ақ өздері жөнінде үкімдердің орындалуы кейінге қалдырылған тұлғаларды жазадан босатудың негіздері (органның аты, шешімнің шыққан күні және оның мазмұны), ал шартты түрде мерзімінен бұрын босатылса өтелмеген мерзімі, рақымшылық қолдану туралы шешім шығарған органның атауы, "Рақымшылық туралы" Заңның бабы және ол қабылданған күн көрсетіледі.

11 және 16-тармақтарда тергеу абақтысының, түзеу мекемесінің, қалалық, аудандық ішкі істер органының шартты түрдегі атаулары және олардың орналасқан жерлері көрсетіледі.

Басқа территориялық органдардың басқармалары мен Халықаралық ақпарат банкіне жіберілуге жататын хабарламаның жоғарғы сол бұрышында кімнің салыстырып тексергені және есептік мәліметтер енгізгені жазылады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына" N 16 Қосымша

## Тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекаларды орналастырудың Үлгілік тәртібі 1. Тегі бойынша картотекалар

Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алу бөлімдерінде (бөлімшелерінде) міндетті түрде төлқұжат жүргізіледі, олар хатшылық істерінің номенклатурасы бойынша ескеріледі және тұрақты сақтау мерзімі болады.

Картотеканың төлқұжатында мыналар көрініс табады:

бір айда есепке алынған құжаттардың саны туралы мәліметтер;

сақтау мерзімі бойынша бір айда есептен шығарылған құжаттардың саны туралы мәліметтер;

бір жылда есепке алынған және есептен шығарылған кәртішкелердің жалпы саны.

Тегі бойынша картотека жүргізу тәжірибесі көрсеткендей, оларды қатаң академиялық әліпби бойынша тұрғызу анықтама жұмысын жүргізуді күрделендіреді, кейбір жағдайларда тексерілетін адамдар туралы толық емес

немесе бұрмаланған мәліметтер ұсынуға соқтырады. Бұл бір тектің кейде бірдей жазылмауына байланысты, нәтижесінде бір тұлғаның есептік кәртішкесі әліпбидің әрбір тұсында болады.

Сондықтанда, тегі бойынша шұғыл-анықтамалық картотекалар орналастырудың мынадай негізгі ұстанымдары ұсынылады:

1. Әліпбилік есептік кәртішкелер (ары қарай - есептік кәртішкелер) шұғыл-анықтамалық картотекаларға тегінің, атының, әкесінің атының әліпбиі бойынша жайғастырылады.

Тегі, аты, әкесінің аты бірдей тұлғалар жөнінде есептік кәртішкелер жасы үлкенінен бастап туылған жылдары бойынша қойылады - 1940, 1955, 1968, 1972 және т.б.

2. Тектері бірдей әйелдер мен еркектердің есептік кәртішкелері аттары мен әкелерінің аттарының әліпбиі бойынша қойылады.

3. Тектерінде қатаң және жұмсақ белгілер кездесетін тұлғалардың есептік кәртішкелерін әліпбимен қойғанда, ол белгілер назарға алынбайды. Ақпаратты деректердің автоматтандырылған банкіне енгізілгенде "ъ" "ь"-мен алмастырылады.

4. Тегінде қатарынан екі дауысты немесе дауыссыз әріп кездесетін есептік кәртішкелер бір әріптері бардағыдай қойылады.

5. Әліпбиді тұрғызу үрдісінде үндес тектерді біріктіру ұсынылады, мысалы - Абдырахманов, Абдирахманов, Абдурахманов, Берндштейн, Бернштейн, Мирзагалиев, Мурзагалиев және т.б.

6. Анықтама жұмыстарын жүргізгенде және есептік кәртішкелерді әліпби бойынша орналастырғанда қателік жібермеу үшін, жекелеген тектерді, аттарды және буындарды басқа жерге қойылатын есептік кәртішкелердің орнына біріктіру мақсатында, біріктіру қалай жасалғаны көрсетіліп, ескерту белгі қалдырылады.

7. Ойдан шығарылған сауалнамалық деректер бойынша бұрын сотты болған тұлғадар туралы есептік кәртішкелер ішкі істер органдарының немесе сот актілерінің негізінде қалпына келтірілген тектері, аттары, әкесінің аттары бойынша сауалнамалық картотекада орналастырылады. Ойдан шығарылған сауалнамалық деректер бар есептік кәртішкелер қалпына келтірілген мәліметтер енгізіліп, оларды өзгертудің негіздері көрсетіледі. Бұл ретте онда бұрын қай сауалнамалық деректер бойынша сотталғандығы көрсетіледі.

8. Соттылық туралы мәліметтер қайталанған, тұлға тегін, атын, әкесінің атын және басқа мәліметтерді жазғанда қателік кеткен, сондай-ақ бір сауалнамалық мәліметтермен әртүрлі қылмысы үшін бірнеше рет тіркеуге алынған бір тұлғаның есептік кәртішкелері пакетке (муфтаға) біріктіріледі.

9. Алынған есептік кәртішкелердің орнына атаулы белгілер қойылады, оларды бөлім бастығы есепке алып, қолын қояды. Белгілер картотекада істейтін қызметкерлерге қатаң есеп бойынша беріледі, олардың бар екендігі тоқсан сайын тексеріледі.

10. Картотекада картотекалық қорға қызмет көрсету жұмыстары ұдайы жүргізіледі - жетіспейтін мәліметтер толықтырылады, тозығы жеткен есептік кәртішкелер қайта жазылады, муфталар ауыстырылады және т.б., картотека шкафы шаңнан тазартылады.

11. Картотеканың әрбір жәшігінде бірінші әліпбилік есептік кәртішкесі бойынша өтетін тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты жазылған бирка болады.

## 2. Дактилоскопиялық картотекалар

12. Дактилоскопиялық картотекалар онсаусақтық жүйе бойынша тұрғызылады. Оларда дактилокарталарды жайғастыру дактилоскопиялық формулалармен есептелген, жоғары жылжу тәртібінде, әйелдерге және еркектерге бөлек жүргізіледі. Дактилоскопиялық карталар мөлшері 32х32 болатын, қалың қағаздан жасалған арнайы папкада болады. Әр папкаға 300-400 дактилокарта салынады. Папканың түп жағына папкедегі дактилоскопиялық карталардың негізгі және қосымша формулалары көрсетілген бирка жапсырылады.

Дактилокарталар салынған папкалар арнайы картотекалық шкафқа солдан оңға қарай жоғарғы сөреден бастап дактилоформулалардың өсуі бойынша қатарластырып қойылады.

13. Дактилокарталар картотекада негізгі формуланың алымы бойынша, 1 цифрынан бастап 32 цифрына дейін жайғастырылады. Сонымен, негізгі формуланың алымы 1-ге тең барлық дактилокарталар бірінші топқа, екіге теңі екінші топқа кіреді, ал барлығы 32 топ. Сонан соң осы топтардың әрқайсысы кіші топтар бойынша негізгі формуланың алымының саны бойынша өрлеу тәртібінде дактилокарталар таңдалып алынады.

Мысалы: бірінші топта 1/1, 1/2......1/32-ге дейін
екінші топта 2/1, 2/2......2/32-ге
үшінші топта 3/1, 3/2.....3/32-ге дейін
және ары қарай .......32/32-ге дейін

14. Әр кіші топтың ішінде дактокарталар қосымша формуланың алымының цифралары бойынша өсу тәртібінде қойылады.

Мысалы, формулалары 7/9-11963-86764, 7/9-12712-73813 дактилокарталар

мына ретпен орналасады: алдымен формуласы 7/9-11932-79536 дактилокарта, содан соң формуласы 7/9-11963-86764 дактилокарта, содан кейін барып 7/9-12712-73813 орналасады.

15. Дактилокарталарға бірдей негізгі формула және қосымша формуланың бірдей алымы болса, олар қосымша формуланың алымының өсетін санына қарай тиісті кіші топтар бойынша орналасады.

Мысалы, формулалары 1/22-73268-41175, 1/22-73268-52138, 1/22-73268-41173 дактилокарталар мына ретпен орналасады: 1/22-73268-41173, 1/22-73268-41175, 1/22-73268-52138.

16. Дактилокарталарды орналастырғанда мыналарды ескеру керек: алдымен негізгі формуласы 1/1 дактилокарталар болуға тиіс, ал олардың біріншісі - қосымша формуланың ең аз алымы мен бөлімі бар дактилокарта, онан кейін қосымша формуласының алымы үлкен сол негізгі формуламен тұрады. Негізгі формулалары 1/2, 1/3,..., 32/32 дактилокарталар сол реттілікпен орналасады. Сонымен, негізгі формуланың алымында 2, 3, 4..., 32 цифралары бар дактилокарталар осылайша жүйеленеді.

Картотеканың ең соңында негізгі формуласы 32/32 және қосымша формуласының алымы мен бөлімі ең көп дактилокарталар орналасады.

